

**«Нархоз» Университетінің – Азаматтық заңнаманы жетілдіру жөніндегі
ведомствоаралық жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары
(Құқықтық саясат тұжырымдамасының азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері
жөніндегі жаңа жобасына және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жаңа
редакциясының жобасына қатысты)**

Азаматтық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының (ВЖТ) құрамына НАРХОЗ университетінен төмендегі өкілдер енгізілді:

- Фархад Карагусов – НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің директоры, Салыстырмалы құқықтың халықаралық академиясының (IACL) мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор;
- Айман Омарова – НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;
- Айнур Қусайнова – НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, құқық докторы (PhD);
- Мадиди Кенжалиев – НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, құқық докторы (PhD).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2026 жылғы 16 маусымдағы № 1-3-5-/2190-И «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасының «Азаматтық заңнаманы жетілдіру» бөліміне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексі» жобасына қатысты ұсыныстар беру туралы» хатына жауап ретінде төменде баяндалған ұсыныстарды жоғарыда аталған ВЖТ мүшелері, НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің басқа профессорлары мен оқытушыларымен бірлесіп (бұдан әрі – Жұмыс тобы) * әзірледі.

[Жұмыс тобының құрамын: ВЖТ мүшелері Ф. Карагусов, А.Б. Омарова, А.К. Құсайынова, С.Р. Ермухаметова (профессор, заң ғылымдарының кандидаты) және М.З. Кенжалиев, сондай-ақ Мектептің профессорлары Г.Б. Мұқалдиева (профессор, заң ғылымдарының кандидаты), Е.С. Бычкова (профессор, құқық докторы (PhD)), заң ғылымдарының магистрі М.С. Тлеубаев және басқа да оқытушылар кіреді.]

I.

Біздің пайымдауымызша, мәселе Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жекелеген баптары мен бөлімдеріне ішінара немесе іріктеп өзгерту, не азаматтық заңнаманың жекелеген институттарына «нүктелік» өзгерістер енгізу туралы емес. Керісінше, елімізде қалыптасқан жаңартылған конституциялық бағдарларды, экономиканы цифрландыруды, мүліктік айналымның күрделенуін, деректердің, цифрлық объектілер мен зияткерлік меншік объектілерінің маңызының артуын, жеке құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру мен қорғаудың әлеуметтік-саяси рөлінің күшеюін, сондай-ақ меншік пен инвестицияларды қорғауды және корпоративтік қатынастардың тиімді қалыптасуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, Қазақстанның жеке құқығын одан әрі дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен негізгі бағыттарын қайта қарау туралы болып отыр.

Сонымен қатар, қолданыстағы Азаматтық кодекстің өзге әлеуметтік-экономикалық және институционалдық жағдайларда, өзгеше мақсат-міндеттер негізінде, жоспарлы-бөлу жүйесінен нарықтық экономикаға және құқықтық демократиялық мемлекетке көшу кезеңінде әзірленгенін ескермеуге болмайды. Соның салдарынан Кодексте кеңестік құқықтан мұраға қалған, сондай-ақ аталған өтпелі кезеңде қалыптасқан бірқатар құқықтық конструкциялар сақталып қалды. Оларды заңнамалық тұрғыдан бекіту өз кезеңінде объективті түрде негізді болғанымен, қазіргі уақытта олар азаматтық айналымның, цифрлық экономиканың даму деңгейі мен сапасына, олардың болашақтағы даму перспективаларына,

сондай-ақ жеке адамның құқықтары мен меншік құқығын конституциялық тұрғыдан қазіргі заманғы түсінуге толық сәйкес келмейді.

Өткен онжылдықтар ішінде азаматтық айналымның нақты жағдайы да, жеке құқықтық реттеудің құрылымы да өзгерді. Корпоративтік қатынастардың және экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде корпоративтік басқаруды қолдану аясы айтарлықтай кеңейді; азаматтық айналымдағы материалдық емес активтердің, құжатсыз бағалы қағаздардың және қаржы нарықтарының басқа да құралдарының, цифрлық объектілердің, деректердің (және жеке алғанда цифрлық деректердің), жасанды интеллектінің үлесі барған сайын маңызды бола түсуде; трансшекаралық мәмілелердің саны артып, сапасы өзгеруде; платформалық өзара іс-қимыл модельдерін, сондай-ақ ерік білдірудің жаңа нысандары мен тәсілдерін пайдаланудың мәні артып келеді. Іскерлік практикаға және дауларды шешу практикасына жалпы құқық жүйесінде қолданылатын тәсілдердің енуі де барған сайын айқын көрініс табууда.

Осындай жағдайларда азаматтық заңнаманы одан әрі жаңғыртуды (модернизация) жекелеген (фрагменттік) түзетулер енгізу арқылы жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені мұндай практика сөзсіз жаңа ішкі қайшылықтарды туындатады және Азаматтық кодекстің жеке құқықтың тұтас әрі жүйе құраушы актісі ретіндегі рөлін әлсіретеді.

Азаматтық заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс аясында, Жұмыс тобы мынандай маңызды қағидатты ұстанымдар мен ұсыныстарды тұжырымдайды:

- (i) азаматтық заңнаманы жаңғырту(модернизациялау) қажеттілігі айқын;
- (ii) азаматтық заңнаманы жаңғырту(модернизациялау) жүйелі және кешенді болуы тиіс, сондықтан ол толық қайта кодификациялануы (рекодификациялануы) керек;
- (iii) Қазақстанның азаматтық құқығын рекодификациялау Конституцияда бекітілген құндылықтарға ғана емес, сондай-ақ ұлттық құқықтық жүйенің ішкі және трансшекаралық әлеуметтік-экономикалық қатынастарды тиімді реттейтін тетік ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған стратегиялық бағдарларға негізделуге тиіс. Бұл, ең алдымен, мүліктік айналымның тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жеке құқықтың іргелі қағидаттары мен құқықтық тұжырымдамаларының сабақтастығын сақтауға, сондай-ақ Қазақстанның құқықтық жүйесінің халықаралық деңгейде прогрессивті құқықтық идеялардың қайнар көзі әрі үлгісі ретінде танылуына ықпал етуге бағытталуға тиіс;
- (iv) ұсынылып отырған рекодификациялау (заңнаманы осындай ауқымда жүйелі жаңғыртудың кез келген түрі сияқты), мұқият әзірленген әрі мазмұны нақты айқындалған рекодификациялау тұжырымдамасына негізделуге тиіс. Мұндай жүйелі рекодификациялаудың бастапқы кезеңдері ретінде Азаматтық кодексті кеңестік құқықтың сарқыншақтарынан түбегейлі арылту (десоветизациялау) және шет мемлекеттердің ұлттық жеке құқық жүйелерін дамыту тәжірибесін терең әрі жан-жақты зерделеу жүзеге асырылуға тиіс;
- (v) Азаматтық кодекс те, оны әзірлеудің тұжырымдамасы да (бұл ретте – Қазақстанның азаматтық құқығын рекодификациялау тұжырымдамасы) жеке құқық және халықаралық жеке құқық салаларында маманданған, ғылыми және салыстырмалы-құқықтық зерттеулер жүргізуде, сараптамалық және заң жобалау қызметінде, халықаралық ынтымақтастықты дамытуда, сондай-ақ экономикалық дауларды қарау және шешу саласында елеулі тәжірибесі бар беделді қазақстандық цивилист-ғалымдардың қатысуымен әзірленуге тиіс;
- (vi) ұсынылып отырған рекодификациялауды табысты жүзеге асырудың негізгі шарттарының бірі – оған мемлекеттің ең жоғары саяси деңгейде жан-жақты қолдау көрсетуі.
- (vii) Қазақстанның жаңа Азаматтық кодексінің түп нұсқалық мәтіні мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде әзірленуге тиіс.

II.

1. Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, жалпы әдіснамалық ұстаным ретінде Қазақстанның азаматтық заңнамасын ғылыми негізделген, дәйекті, жүйелі

әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын рекодификациялау (қайта кодификациялау) идеясын басшылыққа алу қажет деп есептейміз.

Осы тұрғыда рекодификация деп, қолданыстағы Азаматтық кодексті «таза парақтан» әзірленген жаңа актімен механикалық түрде алмастыруды немесе азаматтық-құқықтық реттеудің қол жеткізілген деңгейі мен сапасынан бас тартуды түсінуге болмайды. Керісінше, рекодификация қолданыстағы Азаматтық кодекстің өзінің өміршеңдігін дәлелдеген барлық құқықтық институттарын сақтап қалуды, оларды жүйелі түрде жаңғыртуды және өзара үйлестіруді, кеңестік құқық пен 1990-жылдардағы өтпелі кезеңге тән құқықтық конструкциялардан түпкілікті бас тартуды, азаматтық заңнаманы жеке құқықтық қатынастарға мемлекеттің шамадан тыс жария-құқықтық араласуына мүмкіндік беретін құқықтық конструкциялардан арылтуды, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективаға арналған, ішкі жағынан тұтас әрі өзара келісілген жеке құқық актісін қалыптастыруды көздеуге тиіс.

Біздің пікірімізше, мұндай тәсіл Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор М.К. Сулейменов қалыптастырған және осы ғылыми мектептің көптеген өкілдерінің еңбектерінде одан әрі дамытылған қазақстандық беделді цивилистика мектебінің әдіснамасына сәйкес келеді. Біз үшін Жұмыс тобының осы ғылыми мектепті мойындайтынын және өзін осы ғылыми мектептің ғылыми дәстүрінің жалғастырушысы ретінде қарастыратынын ерекше атап өту маңызды.

Біз азаматтық заңнаманы жаңғырту жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор М.К. Сүлейменовпен тығыз байланыста одан әрі жалғастыру қажеттігін негізге аламыз. Мұндай ынтымақтастық құқықтық идеялардың, цивилистикалық әдіснаманың және жеке құқықтың кодификацияланған актілерін әзірлеу дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ғана емес, сондай-ақ демократиялық құқықтық мемлекет пен ашық қоғамның даму перспективаларына сай келетін ұлттық жеке құқықтың жаңа кодификациясын қалыптастыру үшін де қажет.

2. Сонымен қатар, біздің пайымдауымызша, ұсынылып отырған қайта кодификациялау жазбаша құқық дәстүрлері мен батыс еуропалық кодификациялардың сабақтастығын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жұмыс тобы қолданыстағы Азаматтық кодекстің өміршеңдігін дәлелдеген институттарының сабақтастығын сақтай отырып, оларды жүйелі түрде жаңғырту және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің мазмұнын Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтық кодекстерімен барынша үйлестіру орынды деп есептейді. Бұл мақсатқа азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары мен қағидаттары туралы нормаларды одан әрі дамыту, құқық субъектілері туралы ережелерді, мүлік пен меншік құқығының құқықтық тұжырымдамаларын түбегейлі қайта қарау, заттық құқықтар туралы ережелерді, сондай-ақ міндеттемелік және шарттық құқықтың жалпы ережелерін жетілдіру, халықаралық жеке құқық бөлімін жаңғырту арқылы қол жеткізілуге тиіс. Бұл ретте халықаралық жеке құқықтың қазіргі заманғы коллизиялық байланыстары трансшекаралық экономикалық және гуманитарлық қатынастардың жинақталған тәжірибесін, олардың қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын, сондай-ақ жаһандық құқықтық даму үрдістерін ескере отырып айқындалуға тиіс. Азаматтық құқық объектілері, мәмілелер және өкілдік институттарын реттейтін нормаларды жаңарту да ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл жұмыс, ең алдымен, цифрлық технологиялардың дамуын, азаматтық айналымды цифрландыру үдерістерін және жасанды интеллектіні қолдануды ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс. Жақында қабылданған Цифрлық кодекстің ережелерінің елеулі бөлігі оларды ғылыми тұрғыдан одан әрі зерделеу және қажет болған жағдайда нақтылау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының жаңартылған Азаматтық кодексіне енгізілуге тиіс.

3. Біз ғылыми және заң шығару қызметімізде қазіргі таңда егемен мемлекеттер болып табылатын бұрынғы кеңестік республикалардың жеке құқық саласындағы заманауи кодификациялау тәжірибесін де ескереміз.

Біз үшін (ұсынылып отырған рекодификацияның мақсаттары тұрғысынан да) бастапқы кезден-ақ неміс кодификациясының (Германияның Азаматтық ережесінің (уложение) (*Bürgerliches Gesetzbuch – BGB*) қағидаттары негізінде әзірленген Эстония мен Грузияның қолданыстағы Азаматтық кодекстері ерекше қызығушылық тудырады.

Сонымен қатар, Түрікменстандағы азаматтық-құқықтық реттеу тәжірибесі де біз үшін айрықша маңызға ие. Атап айтқанда, 1998 жылы қабылданған Түрікменстанның Азаматтық кодексі өзінің құрылымы мен мазмұны жағынан Грузияның Азаматтық кодексіне елеулі түрде жақын болды, ал 2025 жылы қабылданған Түрікменстанның жаңа Азаматтық кодексі де Грузин азаматтық заңнамасының үлгілік тәсілдерін ескере отырып әзірленген.

Біз сондай-ақ мемлекет басшысының бастамасымен 2019 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан Өзбекстанның жаңа Азаматтық кодексін әзірлеу және қабылдау үдерісін үлкен қызығушылықпен зерделеп, осы тәжірибеден Қазақстанның азаматтық заңнамасын жетілдіру үшін қажетті қорытындылар жасауға ұмтыламыз.

Біз үшін жүйелі рекодификацияның үлгілері ретінде Молдова мен Украинаның азаматтық заңнамасын дамыту тәжірибесі ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Мәселен, Молдовада Азаматтық кодекс 2002 жылы қабылданып, ол ТМД-ның Модельдік Азаматтық кодексіне емес, қазіргі заманғы еуропалық азаматтық кодекстердің даму үрдістеріне бағдарланды. Алайда 2018 жылы Молдованың жаңа Азаматтық кодексі қабылданды, өйткені еуропалық жеке құқықтың негізгі институттарын одан әрі жүйелі дамыту мен реформалау қажеттілігі 2002 жылғы Азаматтық кодекстің тұжырымдамалық негіздерін қайта қарауды талап етті.

Өз кезегінде, Украинаның жеке құқығын жүйелі рекодификациялау жөніндегі жұмыс 2019 жылы басталды. Оның тұжырымдамасын әзірлеу COVID-19 пандемиясы кезеңінде жүзеге асырылды, ал жаңа Азаматтық кодекстің жобасы осы кезеңде де үздіксіз дайындалды. Қазіргі уақытта жаңа Азаматтық кодекс жобасының барлық тоғыз кітабы Украинаның Жоғарғы Радасының қарауына енгізілді.

Жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу барысында жалпы құқық (*common law*) жүйесінің жекелеген институттарын ұлттық азаматтық құқық жүйесіне енгізу мүмкіндіктеріне, атап айтқанда құқықтық максималар институтын пайдалану, жеке және жария мүліктің құқықтық режимдері, шарттық және шарттан тыс міндеттемелерді реттеу салаларына ерекше назар аударылатын болады. Сонымен қатар «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) құқығының қалыптасуы мен даму тәжірибесі зерделенетін болады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ұлттық құқықтық жүйеміздің дамуымен байланысты іс жүзіндегі барлық үдерістерде Батыс елдерінің құқықтық жүйелерінен (герман, француз, ағылшын құқығы және өзге де құқықтық тәртіптерден) құқықтық идеяларды, тұжырымдамалар мен құқықтық конструкцияларды қабылдап, оларды ұлттық құқық жүйесіне бейімдеп пайдаланып отырғанымызға назар аударамыз. Бұл ретте біз өз тарихи-құқықтық дәстүрлерімізді де естен шығармаймыз. Қатал табиғи жағдайларда Қазақ даласында қалыптасқан көшпелі жылқы шаруашылығы өркениеті, сондай-ақ адамзат тарихындағы маңызды сауда және дипломатиялық жолдардың тоғысқан кеңістігі ретінде осы өңірде адамдардың, халықтар мен мәдениеттердің өзара тиімді байланысу нысандары мен тәсілдерінің қалыптасуына ықпал етті. Осыған байланысты бүгінгі күні де жеке құқықтың дамуы барысында халықтың қажеттіліктері негізінде қалыптасқан әрі халық мүддесіне қызмет еткен қазақтың әдет-ғұрып құқығының (*customary law of Kazakhs*) мазмұны мен құқықтық мәнінен тиісті қорытындылар жасауға болады.

Мәселен, адатта иелену меншік құқығының дербес өкілеттігі немесе кеңестік құқықтағы меншік құқығы құрылымының құрамдас өкілеттігі ретінде емес, құқықтық маңызы бар нақты жағдай (факт) ретінде қарастырылғанын еске алуға болады. Сондай-ақ

мемлекеттік аппаратты ұстауға емес, қоғамдық өмірдің ортақ қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, қонақжайлылық пен өзара жәрдемдесу дәстүрлерін сақтауға арналған жария меншік (ортақ мүлік) институты болған.

Демек, бүгінгі таңда Батыс құқықтық жүйелерінен қабылдауға ұмтылып отырған көптеген құқықтық институттар осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын-ақ халқымыздың дәстүрлі құқықтық мәдениетінде қалыптасқан әрі дамыған әлеуметтік-құқықтық институттар болған. Бұл мән-жай Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін одан әрі дамыту жолында отандық ғалымдар мен мемлекеттік институттардың күш-жігерін біріктіру үшін маңызды рухани және құндылықтық негіз бола алады деп есептейміз.

4. Ұсынылып отырған қайта кодификацияға (рекодификацияға) байланысты жеке құқықтық реттеудің сабақтастығын қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап өтеміз.

Жаңа кодекс қолданыстағы Азаматтық кодексте бекітілген және өзге де құқықтық актілерде көрініс тапқан азаматтық заңнаманың іргелі бастауларын одан әрі дамытуға бағытталуға тиіс. Ол ешбір жағдайда азаматтық айналымды реттеудің түбегейлі жаңа қағидаттарына негізделе отырып, қалыптасқан меншік қатынастарын, шарттық қатынастарды және өзге де жеке-құқықтық қатынастарды «таза парақтан» қайта құрудың немесе қайта қараудың құралы ретінде қарастырылмауға тиіс.

Біз, бір жағынан, ұзақ мерзімді қолдануға арналған, халықаралық деңгейде түсініктілікті, болжамдылықты, тұрақтылық пен бірізділікті, сондай-ақ ұлттық құқықтық тәртіп пен мемлекеттіліктің (*ordre public*) мәнін айқын түсінуді қамтамасыз ететін ұлттық құқықтың іргелі ережелері мен, екінші жағынан, рәсімдік сипаттағы құқық нормаларының арасындағы елеулі айырмашылықты анық түсінеміз. Мұндай рәсімдік нормалар, егер олар орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, ұлттық заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ұлттық құқықтық жүйеге және мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуға кері әсер ететін болса, аталған іргелі ережелердің мазмұнын өзгертуге негіз бола алмайды. Сонымен қатар, жаңа Азаматтық кодекстің нормалары қандай да бір жағдайда кері күшке ие болмауға тиіс.

Жаңа Азаматтық кодекстің мақсаты азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сапасын арттыруға, олардың мүліктік және жеке құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге бағытталуға тиіс. Ол қолданыстағы заңнамада бекітілген құндылықтар мен қағидаттарға негізделе отырып, жеке-құқықтық қатынастарды реттеудің қалыптасқан жүйесін сабақтастықпен дамытатын және жетілдіретін құқықтық акті болуға тиіс.

Сонымен қатар, еліміз бен қоғамның одан әрі дамуы тұжырымдамалық тұрғыдан әлі де «өтпелі кезеңнің кодексі» болып табылатын Азаматтық кодекске тәуелді болмауға тиіс екенін тағы да атап көрсетеміз. Бұл – ТМД елдеріне арналған Модельдік Азаматтық кодексті әзірлеушілердің өздері атап көрсеткендей, жоспарлы-бөлу шаруашылығы жүйесінен нарықтық экономикаға көшу кезеңінің құқықтық негіздерін қалыптастырған кодекс. Азаматтық кодекстің әрбір нормасы мен әрбір институтының қалыптасу тарихы және мазмұны оларды одан әрі сақтау, жаңғырту және дамыту қажеттігін немесе, керісінше, олардан бас тартудың орындылығын айқындау мақсатында мұқият талдануға тиіс.

5. Азаматтық кодексті де, оның тұжырымдамасын да цивилист ғалымдар әзірлеуге тиіс деген тезисімізге жеке тоқталуды жөн санаймыз.

Бұл тіпті дәстүр де емес, кез келген өзгеше көзқарасты жоққа шығаратын қатаң ереже болып табылады. Бұл ереже бір ғасырдан астам уақыт бойы өз күшін сақтап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі заманғы ондаған, соның ішінде экономикалық тұрғыдан дамыған демократиялық мемлекеттердің азаматтық кодекстерінің үлгісіне айналған Француз азаматтық кодексі (Наполеон кодексі) және Герман Азаматтық Ережесін (Уложение) әзірлеу кезінде де қолданылды.

Еуропалық Одақтың жеке құқығы қазіргі уақытта да оның саяси институттарының қолдауымен ғалым-цивилистердің күш-жігері арқасында дамып келеді. Мысалы, 2000

жылы Еуропаның түрлі мемлекеттерінің ғалымдары дайындаған «Towards a European Civil Code» атты монография жарық көрсе, ал 2009 жылы келісілген доктриналық ұстанымдарды ескере отырып, еуропалық заңгер-ғалымдардың бірлескен күш-жігерімен жасалған Еуропалық жеке құқықтың үлгілік ережелері (*DCFR*) басылып шықты.

Бұл ТМД-ның Үлгілік азаматтық кодексін, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, сондай-ақ барлық посткеңестік мемлекеттердің (соның ішінде бұрынғы КСРО құрамында болған, Шығыс Еуропа республикаларының, Ресей Федерациясының, Балтық жағалауы, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия мемлекеттерінің) азаматтық кодекстерін әзірлеу кезінде де ереже болған (және көбінесе солай болып қала береді).

Ғалымдарда кодификациялау жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті ғылыми құзыреттер мен практикалық тәжірибе, кең ғылыми дүниетанымы, бейтараптық пен объективтілік, сондай-ақ ғылыми ынтымақтастық орнату және осындай жоғары зияткерлік нәтижелерді бірлесіп әзірлеу дағдылары бар.

6. Сонымен қатар, біз азаматтық заңнаманы жаңғырту тек академиялық жоба ретінде ғана қарастырылмауға тиіс екенін толық түсінеміз.

Ол Әділет министрлігімен, Жоғарғы Сотпен, Ұлттық Банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен, сондай-ақ кәсіпкерлік және кәсіби заңгерлік қоғамдастық өкілдерімен тығыз әрі сындарлы ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Тек ғылыми әдіснаманы, мемлекеттік институционалдық қамтамасыз етуді және практикалық тәжірибені осылайша үйлестіру арқылы ғана декларативті сипаттағы емес, іс жүзінде тиімді қолданылатын, ұзақ мерзімді қолдануға арналған әрі Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық саясатының міндеттерімен үйлесетін тұрақты кодексті әзірлеуге болады.

Сонымен қатар, рекодификацияның табысты жүзеге асырылуының тағы бір маңызды шарты – жаңа Азаматтық кодексті (сондай-ақ оның тұжырымдамасын) әзірлеу жөніндегі қазақстандық заңгерлердің жұмысы (алайда мемлекеттік аппараттың және заң шығару қызметі саласында «коммерсант» ретінде түрлі заң жобаларын әзірлейтін мердігерлердің емес) саяси шешімдер қабылдаудың ең жоғары деңгейінде бастамашылық етіліп, сол деңгейде ілгерілетілуі болып табылады.

Тарихи тәжірибе жеке құқықты кодификациялаудың табысы, әдетте, мемлекет басшысының немесе жоғары мемлекеттік билік органдарының тікелей қолдауымен байланысты болатынын көрсетеді. Мұны әлемдегі азаматтық кодекстердің қабылдану тарихы айқын дәлелдейді. Бұған ғасырдан астам уақыт бойы қолданыста болып келе жатқан Францияның Азаматтық кодексі (Наполеон кодексі) мен Германияның Азаматтық Ережесі (Уложение), сондай-ақ адамзат тарихындағы көптеген өзге де кодификациялар, соның ішінде КСРО-дағы азаматтық-құқықтық кодификациялар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық кодексінің әзірленуі және басқа да көптеген мысалдар дәлел бола алады.

Осындай қолдау цивилист-ғалымдардың кодификациялау процесіне тиісті деңгейде қатысуын, оларды негізсіз әкімшілік араласудан қорғауды, мемлекеттік аппарат тарапынан қажетті ұйымдастырушылық қолдау көрсетілуін, сондай-ақ әзірленген кодекстің қабылданып, оның құқық қолдану практикасында тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді.

7. Кодификацияның тілі мен заң техникасы мәселесі ерекше назар аударуға лайық.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері отандық құқық шығармашылығының ең тұрақты әрі бүгінгі күнге дейін толық шешімін таппаған мәселелерінің бірі – нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалық мәтінінің іс жүзінде орыс тілінде әзірленіп, ал қазақ тіліндегі мәтіннің соның негізінде жасалған аударма ретінде қалыптасу тәжірибесі болып отыр. Кәдімгі нормативтік құқықтық актінің өзіне қатысты мұндай тәжірибе құқық қолдану барысында елеулі қиындықтар туғызады, ұлттық құқық жүйесінің дамуына және оның

халықаралық деңгейдегі беделі мен маңызын тануға кері әсерін тигізеді. Жеке құқықтың негізгі кодификацияланған актісі болып табылатын Азаматтық кодекс үшін жоғарыда аталған тәжірибе мүлдем жол беруге болмайтын құбылыс болып табылады.

Заңнаманың тілдік аутенттілігі мәселесін шешудің айрықша маңызы бар. Тілдік аутенттілік деп нормативтік мәтіннің екі ресми тілдегі нұсқаларының мазмұны мен заңдық мәнінің толық сәйкестігі қамтамасыз етілуі түсініледі. Азаматтық кодекстің аутентті тілдік нұсқаларын әзірлеу құқықтық нормаларды түсіндірудегі алшақтықтарды болдырмауға және құқық қолдану практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өйткені кодификация тілі құқықтық нормалардың мазмұнын жеткізіп қана қоймай, заңдық ұғымдар жүйесін, құқықтық ойлау мәдениетін, сондай-ақ жалпы ұлттық құқық доктринасын және оның жекелеген салаларын қалыптастырады.

Осыған байланысты Жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жаңа редакциясы ең алдымен мемлекеттік тілде – қазақ тілінде әзірленуі тиіс деп есептейді. Сонымен қатар құқық қолдану практикасының сабақтастығын сақтау, салыстырмалы талдау жүргізу және кәсіби талқылауды қамтамасыз ету мақсатында оның орыс тіліндегі редакциясы қатар дайындалуға тиіс.

Мұндай тәсіл жаңа Азаматтық кодекс мәтінінің мемлекеттік тілдегі сапасын қамтамасыз етіп қана қоймай, жеке құқық саласындағы бірізді қазақ тіліндегі заң терминологиясын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі құқықтық ойлау мәдениеті мен ұлттық заң ғылымының одан әрі дамуына ықпал етеді.

Жұмыс тобы жаңа Азаматтық кодекстің жобасын тікелей Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілінде әзірлеуге дайын.

Сонымен қатар, жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу барысында Кодекстің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің заңнамалық техникасының сапасын едәуір арттыруға ерекше назар аудару қажет деп санаймыз. Осы мақсатта Азаматтық кодекс нормаларын тұжырымдау кезінде рим құқығы мен қазақтың әдет-ғұрып құқығының құқықтық дәстүрлеріне сүйеніп, оларды нысаны жағынан ықшам, ал мазмұны жағынан сыйымды, нақты әрі біркелкі құқықтық қағидалар ретінде қалыптастыру көзделеді.

Азаматтық кодекс нормаларының тұжырымдары іргелі кодификацияланған заң актісіне қойылатын талаптарға сай келіп, жоғары заңнамалық техника деңгейімен ерекшеленуге, құқықтық реттеудің айқындығы мен біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды құқық қолдану, кәсіпкерлік қызмет және сот практикасы барысында тиімді пайдалануға мүмкіндік беруге тиіс. Рекодификация шеңберінде қалыптастырылатын қазақ тіліндегі жеке құқық терминдерінің жүйесі азаматтық құқықтың жалпы ережелерін, құқық субъектілері мен объектілеріне қатысты ережелерді, мәмілелерді, міндеттемелерді, шарттарды, мүліктік құқықтарды, корпоративтік құқықты, жеке құқықтарды, зияткерлік меншікті, мұрагерлік құқықты, халықаралық жеке құқықты, сондай-ақ цифрлық құқықтық институттарды қамтуға тиіс. Қазіргі кезеңнің өзінде қазақстандық жеке құқықтың ұғымдық аппаратын біріздендіру өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты шетелдік құқықтан қабылданған құқықтық институттар мен тұжырымдамаларға қатысты заңнамада қолданылатын заңдық терминдердің дәлдігі мен олардың құқықтық мазмұнының сәйкестігін қамтамасыз ету ерекше маңызды. Мәселен, исламдық қаржы құралдарына қатысты терминологияны банк және азаматтық заңнамаға ғылыми негізде әрі жүйелі түрде енгізу мәселесін шешу қажет. Себебі қолданыстағы заңнамада бекітілген жекелеген терминдердің анықтамалары оларды әртүрлі түсіндіруге және құқық қолдану практикасында біркелкі қолданбауға негіз болуы мүмкін. Мұндай жағдай азаматтық айналымға қатысушылардың құқықтарының бұзылуына алып келуі ықтимал.

Азаматтық кодекс жобасын әзірлеумен қатар НАРХОЗ университетімен және басқа да ғылыми-білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықта, сондай-ақ пәнаралық зерттеулер негізінде арнайы ғылыми-практикалық басылым – «Қазақстан Республикасының жеке

құқық терминдерінің заңи түсіндірме сөздігін» әзірлеу ұсынылады. Сөздікке қазақ тіліндегі заң терминдері, олардың өзге тілдердегі (атап айтқанда, ағылшын, түрік, өзбек және орыс тілдеріндегі) баламалары, доктриналық анықтамалары, тиісті құқықтық институттардың мазмұнына берілетін түсіндірмелер, сондай-ақ заңнамада, сот практикасында, заңгерлік білім беруде және ғылыми әдебиетте терминологияны бірізді қолдануға қатысты ұсынымдар енгізілуге тиіс. Мұндай басылымды әзірлеуге азаматтық құқық саласының мамандары, қазақ заң тілі бойынша сарапшылар, заңгер-аудармашылар, судьялар, нотариустар, адвокаттар, корпоративтік заңгерлер және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысуға тиіс.

Жалпы алғанда, азаматтық заңнаманы жетілдіру Азаматтық кодекс нормаларының ішкі үйлесімділігін, терминологияның бірізділігін, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нормативтік мәтіннің айқындығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ететін заңнамалық техниканың сапасын арттырумен қатар жүзеге асырылуға тиіс.

III.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, осы хатқа қоса: (і) Қазақстан Республикасы Құқықтық саясат тұжырымдамасының (ҚСТ) «Азаматтық заңнаманы жетілдіру» бөлімі жобасы (1-қосымша); Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жаңа редакциясы жобасына қатысты ұсыныстар (2-қосымша) ұсынылады.

Атап айтқанда, ҚСТ-ның аталған бөлімі жобасында жеке автономия мен жеке-құқықтық реттеу презумпциясын бекіту, азаматтық айналым субъектілерінің құқықтық мәртебесіне қатысты нормаларды реформалау, азаматтық құқықтар объектілерінің жүйесін түбегейлі қайта қарау, цифрлық объектілердің жекелеген түрлерінің құқықтық режимін айқындау, жеке құқықтарға арналған толыққанды бөлімді (дербес кітапты) қалыптастыру, сондай-ақ мүлікке (заттық құқыққа), міндеттемелерге, шарттық құқыққа, мұрагерлік құқыққа және халықаралық жеке құқыққа қатысты бөлімдерді мазмұндық тұрғыдан жаңарту сияқты азаматтық заңнаманы дамытудың негізгі бағыттарын айқындау ұсынылады.

Азаматтық заңнаманы жаңғыртуға қатысты жобада көзделген тәсіл, ең алдымен, Азаматтық кодексті қайта кодификациялау (рекодификациялау) арқылы жүзеге асырылады және Кодексті тек жаңа кодекс қабылдау мақсатында асығыс алмастыруды білдірмейді. Керісінше, бұл қолданыстағы Азаматтық кодекстің оң нәтижелері мен артықшылықтарын сақтай отырып, оны кеңестік құқықтың сарқыншақтарынан түбегейлі арылтуды, өтпелі кезеңге тән құқықтық конструкциялардан кезең-кезеңімен бас тартуды, сондай-ақ азаматтық заңнаманың сабақтастығы мен тұрақтылығын сақтай отырып, оны континенттік Еуропаның дамыған құқықтық жүйелеріне бірізді түрде жақындатуды көздейді. Бұл ретте қолданыстағы Азаматтық кодексте көрініс тапқан азаматтық заңнаманың негізгі бастаулары мен қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Жеке автономия мен жеке-құқықтық реттеу презумпциясын бекіту туралы ұсыныс соңғы жылдардағы негізгі мәселе Азаматтық кодекске өзгерістердің енгізілмеуінде емес, олардың жүйесіз сипат алуында екендігімен негізделеді. Қазақстан Конституциясының адамға бағдарланған сипатын ескере отырып, жеке құқық әкімшілік басқару жүйесінің қосалқы элементіне айналмауға тиіс. Керісінше, ол тұлғаның дербестігін, азаматтық айналымның еркіндігін және меншікке қол сұғылмауын қамтамасыз етуге тиіс. Дәл осыған байланысты ҚСТ жобасының аталған бөліміне қатынастарға қатысушылар заңдық тұрғыдан тең құқықты тұлғалар ретінде әрекет ететін жағдайларда жария құқықтың жеке-құқықтық реттеуді алмастыруына жол берілмейтіні туралы ереже енгізілді. Егер нормативтік құқықтық актінің өзінде оның жеке-құқықтық қатынастардан өзге қоғамдық қатынастарды реттейтіні тікелей көзделмесе, мұндай акт Азаматтық кодексте бекітілген жеке-құқықтық реттеу қағидаттарына сәйкес жеке қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық акт ретінде қарастырылуға тиіс.

Азаматтық құқық субъектілері жүйесін жаңғырту заңды тұлғаларға қатысты жекелеген баптарды нақтылаумен ғана шектелмеуге тиіс. Құқық субъектілігіне ие ұйымдарды жария құқықтың заңды тұлғалары мен жеке құқықтың заңды тұлғаларына бөлу, сондай-ақ мемлекетті заңды тұлға ретінде тану мәселесін қайта қарау жүйелік маңызға ие. Бұл реформа мемлекеттің азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздерін жүйелеу, квазимемлекеттік сектордың құқықтық мәртебесіндегі қайшылықтарды жою, сондай-ақ кеңестік шаруашылық құқығына тән құқықтық конструкциялар болып табылатын шаруашылық жүргізу және жедел басқару құқықтарынан кезең-кезеңімен бас тарту үшін қажет. Осындай міндет Қазақстанның корпоративтік заңнамасын реформалауға да тән, өйткені ол Азаматтық кодексте корпоративтік құқықтың заманауи құқықтық негіздерін қалыптастыруды талап етеді.

Жария мүдде санаты Азаматтық кодексте жай ұран ретінде емес, нақты құқықтық құрал ретінде бекітілуге тиіс. Жеке мүддемен қатар жария мүддені құқықтық қорғау мен қамтамасыз етудің маңызын тану азаматтық құқық субъектілеріне және заңды тұлғаларға қатысты құқықтық институттарды реформалау үшін ғана емес, сондай-ақ жария және жеке мүліктің құқықтық режимін тиісінше айқындау үшін де қажет. Бұл, өзге де мәселелермен қатар, белгісіз тұлғалар тобының мүдделеріне әсер ететін цифрлық объектілердің, цифрлық платформалар мен жүйелердің құқықтық режимін айқындауды да қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, жария мүліктің құқықтық режимі меншік иесінің тұлғасына ғана емес, сонымен қатар мүліктің функционалдық мақсатына қарай да айқындалуға тиіс. Әйтпесе, мемлекеттік меншік ұғымы жария игілік ұғымымен бұдан әрі де араласып кетеді, ал жеке тұлғаларға тиесілі, қоғам үшін маңызды мүлік, оның ішінде цифрлық және инфрақұрылымдық объектілер, тиісті жеке-құқықтық реттеуден тыс қалып қоюы мүмкін.

Азаматтық құқықтар объектілерінің жүйесі, ең алдымен, қолданыстағы модельдің материалдық зат ұғымына шамадан тыс тәуелді болуына байланысты түбегейлі қайта қарауды қажет етеді. Сонымен қатар қазіргі заманғы азаматтық айналым талап ету құқықтарының, қолма-қолсыз ақшаның, құжатсыз бағалы қағаздардың, корпорациялардағы қатысу үлестерінің, цифрлық активтердің, деректердің және өзге де материалдық емес игіліктердің айналымына негізделеді. Осыған байланысты азаматтық құқықтар объектілерінің құқықтық табиғаты мен олардың жіктелуін тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарау қажет деп санаймыз. Сонымен қатар, Азаматтық кодексте жануарларды азаматтық құқықтардың тек объектілері ретінде қарастырып, оларға заттардың құқықтық режимін қолдануға негізделген құқықтық реттеу тұжырымдамасын қайта қарау қажет.

Цифрлық ортаны құқықтық реттеу Цифрлық кодекстің жекелеген нормаларын Азаматтық кодекске механикалық түрде көшіру арқылы емес, оларды болашақта азаматтық заңнаманың жалпы бөлігінің мазмұнын қалыптастыратын құқықтық негіз ретінде қарастыру арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Цифрлық кодекс заңнама жүйесіне үйлесімді түрде енгізіліп, кейіннен жаңғыртылған Азаматтық кодекстің құрамына енгізілетін қағидаттар мен құқықтық конструкцияларды апробациялаудың негізіне айналуға тиіс. Цифрлық құқық мәселелері дербес техникалық құқық саласы ретінде емес, азаматтық құқықтың ұғымдық аппаратын және құқықтық институттарын дамытудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуға тиіс.

Заттық құқықты жаңғырту туралы ұсыныс қолданыстағы Азаматтық кодекстің меншік құқығына арналған бөлімінде өтпелі кезеңге тән құқықтық конструкциялардың әлі де сақталуымен негізделеді. Біз Қазақстан құқығындағы меншік құқығының қолданыстағы құқықтық тұжырымдамасының жеткіліксіздігі, шаруашылық жүргізу құқығы мен жедел басқару құқығының архаикалық (көне) сипаты, меншік иесінің өкілеттіктерінің дәстүрлі үштігін қайта қарау қажеттігі, иеленуді заңдық маңызы бар нақты жағдай ретінде тану, сондай-ақ меншік құқығын *usus*, *fructus*, *abusus* санаттары арқылы неғұрлым заманауи тұрғыдан түсінуге көшу қажеттігі туралы ұстанымды толық қолдаймыз.

Көршілік құқық институтын дамыту, сондай-ақ меншік иесінің өзіне тиесілі материалдық және материалдық емес мүлік объектілерін болашақ ұрпақ үшін сақтауға қатысты міндеттерін (оларды күтіп-ұстау ауыртпалығымен ғана шектелмейтін міндеттерді) құқықтық реттеу мәселесі Құқықтық саясат тұжырымдамасында дербес бағыт ретінде көрініс табуға тиіс. Өйткені бұл меншік құқығы меншік иесіне өз мүлкіне қатысты шексіз еркіндік бермейтінін көрсетеді. Көршілік құқығын заттық құқықтың дербес институты ретінде тікелей енгізу қажет. Ол көршілер арасындағы өзара құрмет қағидатын, жол берілетін және жол берілмейтін ықпал ету түрлерін, төзуге міндетті ықпалдар үшін өтемақы төлеу тәртібін, ағаштардың бұтақтары мен тамырларына, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін көршілес жер учаскесіне уақытша кіру құқығына, су ағуына, шекараларды айқындауға, сондай-ақ өзге де көршілік қатынастарға қатысты маңызды нормаларды қамтуға тиіс. Меншік құқықпен қатар міндеттерді де жүктейді. Меншік құқығы ақылға қонымдылық, адалдық және көршілес мүлік иелерінің заңды мүдделерін ескеру қағидаттары негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Сонымен қатар оны жүзеге асыру кезінде болашақ ұрпақтардың мүдделері де назарға алынуға тиіс.

Жеке құқықтарға арналған дербес бөлім Азаматтық кодекстің құрамында көзделуге тиіс. Атап айтқанда, Азаматтық кодексте дәстүрлі түрде реттелетін жеке мүліктік емес құқықтармен қатар цифрлық сәйкестікті, адамның бейнесі мен дауысын, дербес және биометриялық деректерді қорғауды, сондай-ақ моральдық зиянды өтеудің құқықтық негіздерін жетілдіруге бағытталған нормаларды енгізу ұсынылады.

Шарттық құқықты дамыту кезінде екі жағдайдан аулақ болу қажет: біріншісі – ескірген формальды талаптарды сақтап қалу, екіншісі – шетелдік құқықтық конструкцияларды ойланбастан қабылдау. Азаматтық кодекс технологиялық тұрғыдан бейтарап болып, ерік білдірудің электрондық және цифрлық тәсілдерінің заңдық күшін тануға тиіс. Сонымен қатар мәміле, шарт, міндеттеме және азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы цивилистикалық логика сақталуға тиіс. Осыған байланысты смарт-келісімшарт шартты алгоритммен алмастыру ретінде емес, азаматтық-құқықтық міндеттемені жасасудың немесе орындаудың ерекше тәсілі ретінде қарастырылуға тиіс.

Корпоративтік құқық заттық құқықпен және шарттық құқықпен қатар азаматтық құқықтың дербес құрамдас бөлігі ретінде азаматтық заңнаманың жүйесіндегі өз орнын қайта иеленуге тиіс. Корпоративтік қатынастар Азаматтық кодекстің 1-бабында азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастардың құрамына тікелей енгізілуге тиіс. Ал корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасындағы даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен немесе дауларды баламалы шешу тәсілдері арқылы қаралуға тиіс. Осы негізде туынды талаптар, корпоративтік шарттар, лауазымды тұлғалардың фидуциарлық міндеттері мен жауапкершілігі, сондай-ақ корпоративтік топтардың жауапкершілігі институттары одан әрі дамытылуға тиіс. Корпоративтік шарттар институты корпоративтік құқық нормалары шеңберінде тиісті құқықтық реттелуге тиіс. Бұл реттеу міндеттемелік құқықтағы міндеттемелік-құқықтық шарттарды және заттық құқықтағы заттық-құқықтық шарттарды құқықтық реттеу үлгісіне негізделуге тиіс. Сонымен қатар корпоративтік шарттардың талаптарының сақталуын ынталандыратын, олардың тиісінше орындалуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ қажет болған жағдайда оларды мәжбүрлеп орындатуға мүмкіндік беретін тиімді құқықтық тетіктер қалыптастырылуға тиіс.

Кәсіпкерлік кодексіне қатысты мәселелерге ерекше байыптылықпен қарау қажет. Шаруашылық айналымды қатар қолданылатын екі кодекспен реттеу, оның ішінде олардың бірінің жеке-құқықтық нормаларды сөзсіз қайталап әрі бұрмалауы ұлттық құқықтық жүйенің ішкі бірізділігіне нұқсан келтіретін әрі негізсіз құқықтық құбылыс болып табылады. Сондықтан Құқықтық саясат тұжырымдамасында Азаматтық кодексті жай ғана жетілдіру емес, оның жеке құқықтың орталық кодификацияланған актісі ретіндегі рөлін қалпына келтіру міндетін бекіту орынды.

Халықаралық жеке құқық цифрлық активтердің, құжатсыз бағалы қағаздардың, өзге де қаржы құралдарының, корпорацияларға қатысу құқықтарының және деректердің трансшекаралық айналымының қарқынды кеңеюіне байланысты жаңғыртуды қажет етеді. Жаңа Азаматтық кодексте шешімін табуға тиіс ең өзекті мәселелердің бірі – корпоративтік қатынастардың қазіргі заманғы сипатына, цифрлық ортаның дамуына, сондай-ақ цифрлық активтермен, капитал нарығының құралдарымен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің кеңеюіне сәйкес келетін заманауи коллизиялық байланыстарды енгізу. Соңында, қайта кодификациялау (рекодификациялау) әдіснамасының маңызы жаңартылатын құқықтық институттардың тізбесінен кем емес. Жүйелі жаңғырту кездейсоқ немесе жекелеген өзгерістерге емес, ғылыми негізделген тұжырымдама мен айқын құқықтық бағдарларға сүйенуге тиіс.

Дәл осы себепті Құқықтық саясат тұжырымдамасының жаңа бөлімі жекелеген түзетулердің жиынтығы ретінде емес, азаматтық заңнаманы қайта кодификациялау (рекодификациялау) туралы саяси-құқықтық шешім ретінде тұжырымдалған. Мұндай шешім қабылданбаса, Қазақстан Азаматтық кодексті жүйелі түрде жаңғыртудың орнына оны жекелеген өзгерістер енгізу арқылы кезең-кезеңімен «жөндеу» тәжірибесін жалғастыру қаупіне тап болады. Ал Азаматтық кодекс қабылданған күннен бастап атқарып келе жатқан рөлін сақтауға тиіс, яғни ол экономикалық және жеке еркіндіктің ғылыми тұрғыдан негізделген, тұрақты әрі ұзақ мерзімді құқықтық негізі болып қалуға тиіс.

Төменде беріліп отырған Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жаңа редакциясының жобасына қатысты ұсыныстар жаңа Кодекс баптарының жобасы болып табылмайды. Олар Кодекстің болашақ құрылымы мен мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды айқындайды және Азаматтық кодексті қайта кодификациялау (рекодификациялау) тұжырымдамасында, оның кітаптары мен бөлімдерінің құрылымында, кейіннен заң жобасының мәтінінде одан әрі нақтылануға тиіс. Мұндай тәсіл неғұрлым дұрыс деп есептейміз, өйткені алдын ала әзірленген тұжырымдамасыз ішкі үйлесімділігі қамтамасыз етілген Кодексті әзірлеу мүмкін емес. Бұл, әсіресе, азаматтық құқықтың жалпы бөлігін, заттық құқықты, корпоративтік құқықты, міндеттемелік құқықты, мұрагерлік құқықты және халықаралық жеке құқықты кешенді түрде реформалау туралы сөз болған жағдайда ерекше маңызды.

Осы хатта баяндалған ұстанымдар мен ұсыныстар жан-жақты әрі мұқият қаралады деп сенеміз.

Сонымен қатар НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессор-оқытушылар құрамы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын, сондай-ақ өзге де заңнама салаларын жетілдіру жөніндегі жұмысқа белсенді қатысуға дайын екенін білдіреміз.

Сондай-ақ Қазақстанның және шет мемлекеттердің барлық мүдделі тараптарымен, ғылыми мектептерімен және сарапшыларымен отандық жеке құқықты дамыту жөніндегі ортақ жұмыс аясында тең әріптестік, ғылыми ынтымақтастық және өзара құрмет қағидаттары негізінде өзара іс-қимыл жасауға дайын екенімізді растаймыз.

Сонымен бірге жоғарыда баяндалған тұжырымдамалық тәсілдер негізінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу жөніндегі жүйелі жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында НАРХОЗ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебін аталған жұмыстың үйлестірушісі (фасилитаторы) ретінде қарастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз.

Қосымша 1

Қазақстан Республикасы Құқықтық саясат тұжырымдамасының «Азаматтық заңнаманы жетілдіру» бөлімі жобасы

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы ұзақ мерзімді перспективада, оның ішінде қоғамды цифрлық трансформациялау жағдайында азаматтық айналымның тұрақтылығын, меншікке қол сұғылмауын, кәсіпкерлік еркіндігін, жеке тұлға мен оның құқықтарының қорғалуын, инвестицияларды қорғауды, адал бәсекелестікті, сондай-ақ жеке-құқықтық реттеудің құқықтық айқындылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ететін жеке құқықтың жүйе құраушы негізі ретіндегі рөлін сақтап қана қоймай, одан әрі нығайтып, дамытуға тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық кодексі нарықтық экономиканың қалыптасуында, жеке меншік институтының орнығуында және қазіргі заманғы азаматтық айналымның қалыптасуында айқындаушы рөл атқарды. Алайда ол кеңестік жоспарлы-бөліністік жүйеден нарықтық экономикаға өту кезеңінде қабылданғандықтан, өтпелі кезеңге тән бірқатар құқықтық конструкцияларды бүгінгі күнге дейін сақтап келеді. Осы уақыт ішінде меншік құрылымы, мемлекеттің экономикаға қатысуының рөлі мен нысандары, корпоративтік қатынастардың мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырады. Сонымен қатар материалдық емес және цифрлық объектілердің айналымы, мәмілелер жасасу мен міндеттемелерді орындаудың жаңа тәсілдері, сондай-ақ инвестициялар мен азаматтық айналымға қатысушылардың құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары ерекше маңызға ие болды.

Осыған байланысты азаматтық заңнаманы одан әрі дамыту кездейсоқ әрі бытыраңқы өзгерістер енгізу арқылы емес, ғылыми тұрғыдан негізделген, дәйекті және кешенді жаңғырту негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай жаңғыртудың негізгі тетігі Азаматтық кодексті кезең-кезеңімен қайта кодификациялау (рекодификациялау) болуға тиіс. Қайта кодификациялау сабақтастық қағидатын сақтай отырып және ұлттық құқықтық жүйеге, сондай-ақ мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайту қажеттілігі ескеріле отырып жүргізілуіне тиіс. Бұл ретте қолданыстағы Азаматтық кодекстің өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық институттары сақталып, сонымен бірге ескірген құқықтық конструкциялар, ішкі қайшылықтар, жеке қатынастарға жария-құқықтық тұрғыдан шамадан тыс араласуға мүмкіндік беретін құқықтық негіздер, сондай-ақ азаматтық құқықтың жалпы жүйесі ескерілместен енгізілген өзара келісілмеген нормалар жойылуға тиіс.

Мұндай жаңғыртудың (модернизациялаудың) негізгі бағыттары ретінде мынадай қағидаттар айқындалуға тиіс:

1. Азаматтық заңнамалардың негізгі бастаулары

Азаматтық кодексте азаматтық-құқықтық реттеудің пәні қатысушылардың теңдігіне, жеке автономиясына және мүліктік дербестігіне негізделген мүліктік, корпоративтік және жеке мүліктік емес қатынастар екені тікелей айқындалуға тиіс. Шарт еркіндігі қағидатымен қатар, жеке құқықтың барлық институттарына қолданылатын жеке автономияның неғұрлым кең қағидатын, сондай-ақ азаматтық айналымның тең құқықты қатысушылары арасындағы қатынастарды ұлттық құқық нормаларымен жеке-құқықтық реттеу презумпциясын бекіту қажет. Адалдық, парасаттылық және әділдік қағидаттары жалпы декларациялар ретінде ғана емес, азаматтық заңнаманы түсіндіру мен қолданудың нақты құқықтық өлшемдері ретінде де танылуға тиіс. Шетел мемлекеттеріндегі жеке құқықты қазіргі заманғы рекодификациялау тәжірибесін ескере отырып, Отбасылық құқыққа арналған дербес кітапты (бөлімді) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің құрамына енгізу орынды деп есептеледі.

2. Азаматтық құқықтың субъектілері

Азаматтық құқық субъектілері институты жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздерін жаңғыртуды талап етеді.

Құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі, қорғаншылық, қамқоршылық, сондай-ақ азаматтардың жекелеген санаттарының азаматтық-құқықтық қорғалуына қатысты ережелерді нақтылау қажет.

«Цифрлық егіздердің» құқықтық табиғатын, оның ішінде олардың құқықтық мәртебесін айқындау немесе құқықтық режимін белгілеу мәселесін шешу қажет.

Құқық субъектісі болып табылатын ұйымдарды жеке құқық заңды тұлғалары және жария құқық заңды тұлғалары деп жіктеуді, сондай-ақ мемлекеттің азаматтық-құқықтық қатынастарға заңды тұлға ретінде қатысуын тануды енгізу керек. Жергілікті қоғамдастықтардың құқық субъектілігі танылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөліністерінің құқық субъектілігін тануды сыни тұрғыдан қайта пайымдау (қайта қарау) қажет.

Заңды тұлғаларды түрлерге бөлу жүйесін және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын қайта қарау қажет. Бұл тек коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды, сондай-ақ шаруашылық қоғамдарды (компаниялар мен шаруашылық серіктестіктерді) неғұрлым тиімді ажырату және реттеу үшін ғана емес, сонымен бірге жария құқық субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың ерекшеліктерін ескеру және Қазақстанда ұлттық экономиканың төртінші секторы ретінде әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру мақсатында жүзеге асырылуға тиіс.

Қазіргі заманғы корпоративтік құқық (компаниялар туралы заңнама) қалыптастырылуға тиіс. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде корпоративтік қатынастарды құқықтық реттеуге арналған дербес бөлімді (кітапты) көздеу орынды. Бұл бөлім заттық құқыққа, міндеттемелік құқыққа, мұрагерлік құқыққа және азаматтық құқықтың өзге де институттарына арналған бөлімдермен (кітаптармен) қатар Азаматтық кодекстің құрылымында дербес орын алуға тиіс.

3. Жария мүлік және жеке мүлік

Азаматтық заңнамада жария мүдде категориясын декларативті ұғым ретінде емес, мүліктің арнайы режимдерін, экономикалық қызмет нысандарын және құқықтық жауапкершілікті белгілеудің заңды маңызы бар негізі ретінде көрініс табуы қажет. Осы негізде жеке мүлікті (жеке тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ мемлекетке жалпы азаматтық-құқықтық негіздерде тиесілі мемлекеттік мүлікті қоса алғанда) және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған жария мүлікті ажырату қажет. Жария мүлікке (жария мүдде объектілеріне) арнайы кепілдіктер қарастырылуы тиіс: иеліктен шығаруға және ауыртпалық салуға шектеулер; өндіріп алуға тыйым салу; мүлікті басқару және күтіп ұстау бойынша арнайы ережелер; ашықтыққа қойылатын жоғары талаптар және қорғаудың арнайы мерзімдері; басқа да тиісті ережелер.

4. Азаматтық құқық объектілерінің жүйесі

Азаматтық құқық объектілерінің қазіргі заманғы айқын әрі жүйелі жіктелуі қалыптастырылуға тиіс. Мұндай жіктеу құқық объектілерінің әртүрлі түрлерін жүйесіз тізбелеуге жол бермеуге тиіс. Бұл ретте мүлік пен жеке игіліктерді ажырату негізгі қағидат ретінде алынуға тиіс. Мүлік ұғымы заттарды және мүліктік құқықтарды, оның ішінде талап ету құқықтарын, қолма-қол ақшасыз, құжатсыз бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын, қатысу үлестерін, айрықша құқықтарды, цифрлық активтерді және өзге де цифрлық объектілерді қамтуға тиіс. Цифрлық деректердің, цифрлық жазбалардың, цифрлық активтердің, цифрлық платформалардың, цифрлық ресурстардың, цифрлық сәйкестіктің, домендік атаулардың, аккаунттардың, токендендірілген құқықтардың және жасанды интеллектті пайдалану арқылы жасалған нәтижелердің құқықтық режимі олардың экономикалық және құқықтық мәніне қарай технологиялық бейтараптық қағидаты негізінде айқындалуға тиіс. Жануарларға заттардың құқықтық режимін қолдануға

негізделген құқықтық реттеуден олардың әл-ауқаты мен жабайы және үй жануарларын құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге бағдарланған құқықтық реттеу моделіне көшу орынды деп есептеледі.

5. Мүлікке құқық (меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар мүлікке құқық)

АК-тің меншік және өзге де заттық құқықтар туралы бөлімі жүйелі жаңартылуы тиіс.

Азаматтық кодексте меншік құқығы ұғымын айқындауда функционалдық тәсілді бекіту орынды. Осыған сәйкес субъектіге тиесілі кез келген мүлік (жылжымалы немесе жылжымайтын заттар, сондай-ақ материалдық емес объектілер) меншік құқығының объектісі ретінде танылып, меншік ретінде қорғалуға тиіс.

Меншік құқығы тұлғаның мүлікті иеленуге, пайдалануға, одан пайда алуға және оның заңдық тағдырын айқындауға мүмкіндік беретін ең толық заңдық билігі ретінде айқындалуға тиіс. Иелену азаматтық-құқықтық қорғауға жататын дербес, заңдық маңызы бар нақты жай-күй ретінде танылуға тиіс.

Numerus clausus қағидаты негізінде шектеулі заттық құқықтар жүйесін дамыту қажет. Мұндай жүйе, оның ішінде жылжымайтын мүлік айналымы мен инфрақұрылымдық жобалар үшін қажетті сервитуттарды, узуфрукты, құрылыс салу құқығын, заттық ауыртпалықтарды және өзге де заттық-құқықтық конструкцияларды қамтуға тиіс. Азаматтық кодексте көршілік құқығы институтын меншік құқығын адал жүзеге асырудың құқықтық тетігі ретінде бекіту орынды.

Шаруашылық жүргізу құқығы мен жедел басқару құқығы сияқты заттық құқық түрлерінен бас тарту қажет.

6. Жеке құқық

Ол жеке тұлғаның өміріне, денсаулығына, қадір-қасиетіне, ар-намысына, игі есіміне, іскерлік беделіне, жеке өміріне, есіміне, бейнесіне, дауысына, дербес және биометриялық деректеріне, цифрлық сәйкестігіне, ұмытылу құқығына және өзге де материалдық емес игіліктеріне құқықтық тану мен тиімді азаматтық-құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Цифрлық ортада жеке тұлғаны азаматтық-құқықтық қорғаудың тиімді тәсілдерін айқындау, сондай-ақ моральдық зиянды өтеудің негіздерін, шарттары мен мөлшерін айқындау өлшемдерін нақтылау қажет.

Жеке құқықтың ғылыми тұжырымдамасы іргелі құқықтарды, адам құқықтарын (*human rights*) және жеке құқықтық айналым субъектілерінің өзге де құқықтарын неғұрлым нақты ажырату мақсатында халықаралық деңгейде танылған тәсілдер мен шетелдік заңнамалық реттеу тәжірибесін ескере отырып одан әрі дамытылуға тиіс. Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына (қоғамдық бірлестіктер мен белгілі бір әлеуметтік топтардың өтініштері негізінде) бұзылған іргелі құқықтар мен адам құқықтарын қорғауға байланысты істерді бірінші сатыдағы сот ісін жүргізу қағидалары бойынша қарау құзыретін беру орынды деп пайымдалады.

7. Мәміле, мәміле нысаны және цифрлық айналым

Мәмілелер туралы жалпы ережелерде, егер заңда арнайы нысан белгіленбесе, мәміле нысанының еркіндігі қағидаты негізге алынуға тиіс. Электрондық хабарламалардың, цифрлық сәйкестендіру құралдарының, электрондық жазбалардың, платформалық интерфейстердің, бір реттік кодтардың, биометриялық растаудың және ерік білдірудің өзге де тәсілдерінің заңдық маңызы танылуға тиіс. Электрондық цифрлық қолтаңба ерік білдіруді растаудың жалғыз тәсілі ретінде қарастырылмауға тиіс.

Смарт-келісімшарттарға, міндеттемелерді автоматтандырылған түрде орындауға, цифрлық акцептке, электрондық хабарламаларға, цифрлық инфрақұрылымды пайдалану тәуекелдеріне және цифрлық делдалдардың жауапкершілігіне қатысты жалпы ережелерді бекіту қажет. Мәмілелер туралы жаңа нормалар цифрлық платформалар арқылы туындайтын және айналымға түсетін мүліктік құқықтарды тиімді жүзеге асыру мен қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

8. Міндеттемелік және шарттық құқық

Міндеттемелік және шарттық құқықты жеке-құқықтық реттеудің халықаралық стандарттарын, оның ішінде Халықаралық коммерциялық шарттардың УНИДРУА қағидаттарын және қазіргі заманғы еуропалық үлгілік құқықтық тәсілдерді ескере отырып жаңғырту қажет. Осыған байланысты шарттар мен шартқа дейінгі қатынастар туралы жалпы ережелерді, шеңберлік, опциондық, абоненттік және платформалық шарттарды, сондай-ақ деректер мен цифрлық объектілерге қатысты шарттарды құқықтық реттеуді одан әрі дамыту қажет.

Тұтынушылық шарттарға және әлсіз тараптың қатысуымен туындайтын өзге де қатынастарға, оның ішінде қосылу шарттарына, жаппай қолданылатын стандартты шарттарға, цифрлық және платформалық шарттарға ерекше назар аударылуға тиіс. Азаматтық кодексте әлсіз тарапты қорғаудың жалпы жеке-құқықтық кепілдіктері бекітілуге тиіс. Мұндай кепілдіктерге, атап айтқанда, шарт талаптарының ашықтығына қойылатын талаптар, әділетсіз талаптарды қолдануға тыйым салу, құқықтарды қорғаудың тиімді құралдары, сондай-ақ цифрлық интерфейстерді, стандартты нысандарды немесе арнайы заңнамалық актілерді пайдалану арқылы осы кепілдіктерді айналып өтуге жол бермеу жөніндегі ережелер жатқызылуға тиіс.

Сонымен қатар, шартты бұзу және шарттан бас тарту мәселелерін құқықтық реттеу кезінде жеке автономия мен шарт еркіндігі қағидаттарының дәйекті сақталуын, сондай-ақ жекелеген шарттардың қолданылуы және (немесе) тоқтатылуы кезінде қозғалатын жария мүддені ескеру қажеттілігін назарға ала отырып, Азаматтық кодекстің тиісті ережелерін жаңғырту қажет.

Деректерді жинауға, беруге, сақтауға, пайдалануға, иесіздендіруге, жоюға және жоюдың қайтымсыз тәсілі ретінде жоюға байланысты міндеттемелерді құқықтық реттеуді қамтамасыз ету қажет.

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету институты айналым субъектілерінің өзара қатынастары мен субъектінің құқық объектісіне қатысты қатынастарының құқықтық табиғатындағы айырмашылықтарды ескере отырып жаңғыртылуы тиіс. Кепілдік-кепілболушылық және тәуелсіз кепілдікті реттеу үшін қажетті нормаларды ажыратып, құру керек. Сонымен қатар, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы нормалар Азаматтық кодекстің заңды тұлғалар, мұрагерлік құқығы туралы ережелерімен, неке және отбасы туралы заңнамамен, соның ішінде борышкер тұлғасының ықтимал өзгерістерін, борышкердің қайтыс болуының, қайта ұйымдастырылуының және дәрменсіздігінің құқықтық қатынастарға әсерін ескере отырып үйлестірілуі (гармонизациялануы) тиіс.

9. Корпоративтік құқық

Корпоративтік қатынастар азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастардың құрамына тікелей жатқызылуға тиіс. Азаматтық кодексте корпорациялар, корпоративтік құқықтар мен міндеттер, заңды тұлға органдарының шешімдері, корпоративтік шарттар, корпоративтік топтар, сондай-ақ лауазымды және бақылаушы тұлғалардың жауапкершілігі туралы жалпы ережелер бекітілуге тиіс.

Акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және өзге де коммерциялық ұйымдар туралы заңнама корпорациялардың лауазымды тұлғаларының фидуциарлық міндеттерін, мүдделер қақтығысын құқықтық реттеуді, миноритарлық қатысушылардың (акционерлердің) құқықтарын күшейтілген қорғауды және ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды одан әрі дамытуға бағытталуға тиіс.

Кәсіпкерлік кодекстің жеке-құқықтық сипаттағы ережелері декодификациялануға және Азаматтық кодекстің құрамына не Азаматтық кодекстің негізінде қабылданатын жеке құқықтың арнайы заңнамалық актілеріне қайтарылуға тиіс.

Акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және өзге де коммерциялық ұйымдар туралы заңнама корпорация өкілдерінің фидуциарлық міндеттерін, мүдделер қақтығысының болуын, миноритарийлерді қосымша қорғау және ақпаратты ашу

қажеттілігін неғұрлым нақты тануды ескере отырып дамуы тиіс. Кәсіпкерлік кодекстің жеке құқықтық ережелері декодификациялануға және Азаматтық кодекстің құрамына не Азаматтық кодекстің талаптарын орындау үшін шығарылған жеке құқықтың арнайы актілеріне қайтарылуға тиіс.

10. Зияткерлік (интеллектуалдық), меншік, деректер және жасанды интеллект

Азаматтық кодекс арнайы әкімшілік рәсімдердің жинағына айналмай, зияткерлік меншіктің жалпы жеке құқықтық негіздерін бекітуі тиіс. Жасанды интеллектті пайдалана отырып жасалған нәтижелердің режимін, соның ішінде құқықтардың тиесілілігін, пайдаланылуын, лицензиялануын және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілікті анықтау қажет. Деректер сараланып реттелуі керек: дербес деректер ең алдымен қорғау және құқықтық қорғау объектісі болып табылады, ал иесіздендірілген, жинақталған, техникалық және өнеркәсіптік деректер тұлға құқықтарын, коммерциялық құпияны, жария мүддені және қауіпсіздік талаптарын сақтаған жағдайда айналымға қатыса алады.

«Цифрлық егіздер» деп аталатындарды жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын зияткерлік (интеллектуалдық) меншік мәселелерін тиімді реттеу қажет.

11. Мұрагерлік құқық

Мұрагерлік құқық жаңа мұрагерлік объектілерін: цифрлық активтерді, цифрлық әмияндарды, аккаунттарды, домендік атауларды, цифрлық объектілерге құқықтарды, талап ету құрықтарын, құжатсыз бағалы қағаздарды және өзге де материалдық емес активтерді ескеруі тиіс. Цифрлық мұраның құқықтық режимін, мұрагерлер мен өсиетті орындаушының мұра қалдырушының цифрлық ақпаратына қол жеткізуін, сондай-ақ мұндай объектілерді қорғаудың, бағалаудың, берудің және басқарудың ерекшеліктерін анықтау керек. «Цифрлық егіздер» деп аталатындарды пайдалану жағдайларында жалпы айналымды, ал жекелей алғанда мұрагерлік жөніндегі қатынастарды тиімді реттеу мәселесі шешілуі тиіс.

12. Халықаралық жеке құқық

Азаматтық кодекстің халықаралық жеке құқық туралы бөлімі кешенді түрде жаңартуды қажет етеді. Корпоративтік қатынастар, бағалы қағаздар, қаржылық құралдар, цифрлық активтер, деректер, зияткерлік меншік және платформалық мәмілелер үшін коллизиялық нормаларды жаңғырту (модернизациялау) талап етіледі. *Lex incorporationis*, *lex societatis*, *lex situs*, *lex registrationis*, *lex creationis* қағидалары, капитал нарықтарындағы қатынастарда қаржылық делдалдың құқығын қолдану және тараптардың еріктерінің автономиясының шектері ерекше маңызға ие. Жалпы құқық (Common Law) институттарын қабылдау сақтықпен жүргізілуі тиіс және Азаматтық кодекстің құқықтық тәртібінің тұтастығын бұзбауы керек.

13. Азаматтық құқықтарды қорғау

Азаматтық кодексте азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің заманауи жүйесі қамтылуы тиіс: құқықты тану, құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру, құқық бұзушылықтың немесе оның туындау қаупінің алдын алу, шығындарды өтеу, құқық бұзушының кірістерін өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу, иеленуді және цифрлық құқықтарды қорғау, заңсыз цифрлық контентті жою немесе бұғаттау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді теріске шығару.

Ұжымдық, топтық және туынды талап қоюлардың материалдық-құқықтық негіздерін дамытудың мақсатқа сәйкестігі немесе негізсіздігі туралы мәселені біржола шешу қажет, сондай-ақ мерзімдермен манипуляция жасауды, «юрисдикциялар саудасын» болдырмай және жария мүдде объектілері үшін арнайы ережелерді қарастыра отырып, талап қою мерзімі туралы нормаларды жүйелі түрде модернизациялау қажет.

Жалпы құқық (Common Law) жүйелерінде қолданылатын мүліктік құқықтарды құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын (*remedies*) қабылдаудың мақсатқа сәйкестігіне талдау жасау қажет.

14. Рекодификациялау әдіснамасы

Азаматтық заңнаманы модернизациялау цивилист-ғалымдардың, халықаралық жеке, корпоративтік, заттық, цифрлық құқық, зияткерлік меншік, сот практикасы мен кәсіпкерлік қоғамдастық мамандарының қатысуымен дайындалған Азаматтық кодексті (АК) рекордификациялаудың дербес Тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Азаматтық заңнама бойынша тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-сараптамалық кеңес құру қажет.

Қазақстанның азаматтық заңнамасын толыққанды модификациялау жеке құқықтың іргелі институттарын реттеудегі сабақтастықты сақтай отырып жүргізілуі керек. АК-нің жаңа нормалары 30 жылдан астам уақыт ішінде қол жеткізілген нәтижелер негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың дәйектілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге тиіс және Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін бұзу құралы әрі оған деген сенімді жоғалту шарты болмауы керек.

Рекодификациялау кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс: қолданыстағы АК-ге жүйелі және жан-жақты тексеру жүргізуден, рекордификацияның ғылыми тұжырымдамасын қалыптастырудан және жаңартылған кодекстің құрылымын айқындаудан бастап, солардың негізінде Кодекстің кітаптары мен бөлімдерін дайындау, дайындалған жобаларды салалық заңнамамен келісу, жобалау жұмысының нәтижелерін кең кәсіби талқылауға шығару, ал жаңа АК қабылданғаннан кейін – оны қолданысқа енгізу жоспарын әзірлеу және іске асыру қажет.

Қосымша 2

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жаңа редакциясының жобасына қатысты ұсыныстар

1. Жалпы ережелер, азаматтық құқықтың реттеу пәні мен қағидаттары (*general provisions and principles*)

Азаматтық кодекстің 1-бабында азаматтық заңнамамен реттелетін құқықтық қатынастардың аясын нақты айқындап, азаматтық қатынасқа қатысушылардың теңдігіне, жеке автономиясына және мүліктік дербестігіне негізделген мүліктік, корпоративтік және жеке мүліктік емес қатынастарды тікелей көрсету қажет. Бұл корпоративтік және жеке мүліктік емес қатынастардың азаматтық құқық жүйесіндегі орнын нақты айқындауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, азаматтық заңнаманың негізгі қағидаттарының бірі ретінде жеке автономия қағидатын бекіту қажет. Жеке автономия қағидаты шарт еркіндігі қағидатынан ауқымдырақ, өйткені ол тек шарт жасасу еркіндігін ғана емес, мәмілелер жасау, мүлікке билік ету, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын таңдау, корпоративтік қатысу, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау, сондай-ақ заң шегінде мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктерге билік ету еркіндігін де қамтиды.

Азаматтық кодексте жеке-құқықтық реттеу презумпциясын бекіту қажет. Егер азаматтық айналымның тең құқықты қатысушылары арасындағы қатынастардың жария-құқықтық сипаты заңда тікелей белгіленбесе немесе мұндай сипат тиісті құқықтық қатынастың табиғатынан туындамаса, олар жеке құқық нормаларымен реттелуге тиіс. Бұл презумпция азаматтық айналымды реттеу кезінде жария-құқықтық әдістердің негізсіз қолданылуына жол бермеу үшін қажет.

Императивтік және диспозитивтік құқықтық реттеудің арақатынасын қайта қарау қажет. Жеке автономияны императивтік шектеуге тек конституциялық тұрғыдан маңызды мақсаттарға қол жеткізу, жария мүддені қамтамасыз ету, әлсіз тараптың және үшінші

тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қажеттілігі болған жағдайларда ғана жол берілуге тиіс. Адалдық, парасаттылық және әділеттілік қағидаттары азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың, мәмілелерді түсіндірудің, құқықтағы олқылықтардың орнын толтырудың, сондай-ақ шартқа дейінгі, шарттық, корпоративтік және цифрлық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлқын бағалаудың негізгі өлшемдері ретінде бекітілуге тиіс.

2. Азаматтық кодекс пен арнайы заңнаманың арақатынасы, азаматтық құқықтың қайнар көздерінің жүйесі (*sources of private law and central role of the Civil Code*)

Азаматтық кодекс, азаматтық құқықтарды қорғаудың жалпы қағидаттарын, ұғымдарын, институттары мен тәсілдерін айқындайтын Қазақстан Республикасының жеке құқықтарының орталық және жүйе құрушы негізгі актісі ретінде қалпына келтіріліп, бекітілуі тиіс. Жеке құқықтық сипаттағы арнайы заңдар, Азаматтық кодекстің ережелерін дамытып, бірақ оны алмастырмауы және азаматтық айналымды реттеудің баламалы режимдерін құрмауы керек.

Неке, ерлі-зайыптылық және отбасыға қатысты құқықтық нормалар жаңа Азаматтық кодекстің құрамына оның дербес кітабы (бөлімі) ретінде енгізілуге тиіс.

Кәсіпкерлік кодексіне және өзге де салалық заңнамалық актілерге ревизия жүргізіп, оларда қамтылған жеке құқықтық ережелерді декодификациялау және оларды Азаматтық кодекстің құрамына, не оның негізінде қабылданған жеке құқықтық арнайы нормативтік құқықтық актілерге қайтару қажет. Кәсіпкерлік қызметті жария-құқықтық реттеу, азаматтық-құқықтық институттарды қайталамауы және олардың мазмұнын бұрмаламауы тиіс.

Азаматтық кодекстің жалпы нормасы мен жеке құқықтық сипаттағы арнайы норма арасында коллизия туындаған жағдайда, арнайы норманың басымдығына, тек азаматтық заңнаманың қағидаттарына (негіздеріне) жүйелі түрде сәйкес келген жағдайда ғана қолдануға рұқсат етілетіні туралы норманы Азаматтық кодекске енгізу керек.

Цифрлық кодекс заңнама жүйесіне үйлесімді түрде ене отырып, болашақта жаңғыртылған Азаматтық кодекстің құрамына енгізілетін қағидаттар мен құқықтық конструкциялардың сынақтан өткізудің қайнар көзіне айналуы тиіс.

3. Азаматтық құқықтың субъектілері (*persons of law*)

Жеке тұлғалар туралы ережелер, жеке адамның құқықтарының қазіргі заманғы конституциялық кепілдіктерін, жеке өмірді қорғаудың, дербес деректерді қорғаудың, кәмелетке толмағандар мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың, қандастардың, қамқоршылар мен қорғаншылардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін ескере отырып жаңартылуы тиіс.

Заңды тұлғалар жүйесін ретке келтіру қажет. Азаматтық кодексте заңды тұлғалардың заманауи жіктелуі, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды айырмашылығын көрсететін критерийлері, коммерциялық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандарының жабық тізбесі және коммерциялық емес ұйымдардың жүйеленген тізбесі көрсетілуі қажет.

Құқық субъектілігі бар ұйымдарды жеке құқық заңды тұлғалары мен жария құқық заңды тұлғаларына жіктеу керек. Азаматтық кодексте жария құқықтың заңды тұлғалары туралы жалпы ережелері, оларды құру негіздері, қызмет мақсаттары, мүлктік негізі, жауапкершілігі мен азаматтық айналымға қатысуы көрсетілуі керек. Мемлекетті, өз органдары арқылы, олардың құзыреті шегінде азаматтық айналымға қатысатын жария құқықтың заңды тұлғасы ретінде қарастырған жөн. Әдетте, мемлекетті органдар азаматтық айналымға мемлекеттік органдар ретінде қатысқан жағдайда, дербес азаматтық құқық субъектісі болмауы тиіс. Жергілікті қауымдастықтардың құқықтық субъектісі танылмаса, онда Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлестіктері дербес құқық субъектісі ретінде танылмауы тиіс.

Жария құқықтың заңды тұлғалары институтын енгізу мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанынан, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығы мен жедел басқару құқығы институттарынан кезең-кезеңімен бас тартумен қатар жүзеге асырылуға тиіс. Аталған құқықтық конструкциялар қазіргі заманғы ұйымдық-құқықтық нысандармен және оларға сәйкес келетін мүліктік құқықтық режимдермен алмастырылуға тиіс.

Заңды тұлғаларды жіктеу жүйесі, сондай-ақ коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды құқықтық реттеу жария құқықтың заңды тұлғалары институтын енгізу мақсатында ғана емес, сонымен бірге Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың төртінші секторы ретінде дамыту мақсатында да қайта қаралуға тиіс.

Қазіргі заманғы корпоративтік құқықты қалыптастыру қажет. Осыған байланысты Азаматтық кодексте заттық құқық, міндеттемелік құқық, мұрагерлік құқық және өзге де бөлімдермен (кітаптармен) қатар корпоративтік қатынастарды құқықтық реттеуге арналған дербес бөлімді (кітапты) көздеу орынды.

4. Жария мүдде, жария және жеке мүлік (*public interest, public property and private property*)

Азаматтық кодексте мүліктің, экономикалық қызметтің және құқықтық жауапкершіліктің арнайы құқықтық режимдерін айқындаудың негізі ретінде жария мүдде санатын бекіту қажет. Бұл ретте жария мүдде мемлекеттің немесе мемлекеттік аппараттың ведомстволық әрі әкімшілік мүдделерімен теңестірілмеуге тиіс. Жария мүдде қоғамның, тұлғалардың белгісіз тобының, болашақ ұрпақтардың және конституциялық тұрғыдан маңызды қоғамдық құндылықтардың мүддесі ретінде танылуға тиіс.

Мемлекеттік мүлікті жария мүліктен ажырату қажет. Мемлекеттік мүлік мемлекетке жалпы азаматтық-құқықтық негіздерде тиесілі болып, азаматтық айналымға мемлекеттің жеке мүлкі ретінде қатыса алады. Ал жария мүлік қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз етуге, ұлттық игілікті, инфрақұрылымды, мәдени мұраны, цифрлық жүйелерді және өзге де жария маңызы бар объектілерді сақтауға әрі дамытуға арналған функционалдық мақсатымен ерекшеленеді.

Жария мүлік мемлекет меншігінде де, егер оның мақсаты тұлғалардың белгісіз тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған болса, өзге тұлғалардың меншігінде де болуы мүмкін. Жария мүлікке қатысты оны иеліктен шығаруға, кепілге беруге, ауыртпалық салуға, өндіріп алуға және жекешелендіруге байланысты арнайы шектеулер, сондай-ақ оны басқаруға, ашықтығын қамтамасыз етуге және оны пайдаланғаны үшін жауапкершілікке қатысты арнайы талаптар белгіленуге тиіс.

Жария мүлікті қорғаудың арнайы құқықтық тетіктерін бекіту қажет. Оның ішінде талап қоюдың неғұрлым ұзақ мерзімдерін белгілеу немесе жария маңызы бар объектілерді қайтару мен қорғауға байланысты жекелеген талаптар бойынша талап қою мерзімін қолданбау мүмкіндігін көздеу қажет.

5. Азаматтық құқықтың объектілер жүйесі (*objects of property and personal rights*)

Азаматтық құқықтың әртүрлі объектілерін жай ғана тізбектекемей, объектілерді нақты және анық жіктейтін нормаларды бекіту керек. Мүлік пен жеке құқықтардың аражігін ажыратудың базалық (негізі) болуы керек.

Мүлік: заттар мен мүліктік құқықтардың жиынтығы ретінде айқындалуға тиіс. Заттар деп- жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көлік құралдары, қолма-қол ақша, бағалы қағаздарды мен айналымдағы өзге де материалдық объектілер танылуы тиіс.

Мүліктік құқықтарға: талап ету құқығы, қолма-қолсыз ақша, құжатсыз бағалы қағаздар, қатысу үлестері, өзге де қаржылық құралдары, айрықша құқықтар, цифрлық мүліктік объектілер мен экономикалық құндылығы бар, әрі азаматтық айналымға қатыса алатын басқа да мүліктік игіліктер жатуы тиіс. Талап ету құқығы, азаматтық құқықтардың дербес объектісі ретінде Азаматтық кодексте тікелей көрсетілуі қажет. Бұл ретте оның азаматтық айналымға қатысу мүмкіндігі, басқа тұлғаға беру тәртібі, оған ауыртпалық салу,

қорғау тәсілдері және ол бойынша айып өндіріп алуды қолдану ерекшеліктері белгіленуі тиіс.

Сонымен қатар, осы аталған барлық азаматтық құқық объектілері меншік құқығының объектілері ретінде танылуы тиіс және олар заттарға қатысты қолданатын меншік құқығы сияқты бірдей қорғалуы қажет.

Объектінің құқықтық табиғаты мен оның көрініс табу нысанын шатастырмау керек.

Егер тиісті құндылық мүліктің, талап ету құқығының, айрықша құқықтың, деректердің немесе өзге де мүліктік игіліктің неғұрлым жалпы санатымен қамтылған болса, цифрлық нысан азаматтық құқықтардың жаңа объектісі болып танылмауы тиіс.

Жануарларға тек заттардың құқықтық режимін қолдану тәсілінен бас тартып, олардың құқық субъектілігі танылмайтын болса да, шектеулі құқықтық мәртебесін айқындау қажет. Мұндай мәртебе жануарлардың белгілі бір құқықтарының, интеллектуалдық және эмоциялық ерекшеліктері мен қажеттіліктерінің бар екенін мойындауға негізделуге тиіс. Оларға, атап айтқанда, өмір сүру, емделу, ізгілік қағидаттарына сай күтіп-бағылу немесе табиғи ортада еркін тіршілік ету құқықтары және өзге де құқықтар жатады.

Сонымен қатар үй жануарларының иесіне, ал жабайы жануарларға қатысты мемлекетке жануарлардың құқықтарын қорғау кезінде олардың заңды өкілі ретінде әрекет ету міндетін құқықтық тұрғыдан бекіту мәселесін қарастырған жөн.

6. Цифрлік объектілер, деректер және жасанды интеллект (*digital / cyber environment*)

Азаматтық кодексте азаматтық құқықтардың объектілері ретінде цифрлық объектілер туралы жалпы ережелер бекіту қажет, бұл ретте олардың түрлері мен құқықтық табиғатына қарай, мүлік және мүліктік емес жеке игіліктердің жүйесіндегі алатын орнын айқындау қажет. Цифрлық деректерді, цифрлық жазбаларды, цифрлық активтерді, цифрлық платформаларды, цифрлық ресурстарды, цифрлық бірегейлікті, аккаунттарды, домендік атауларды, токенделген құқықтарды және цифрлық ортадағы өзге де объектілерді бір-бірінен ажырату қажет.

Цифрлық объектілерге қатысты, олардың табиғаты мен арнайы заңнамаларында өзгеше көрсетілмесе, олардың кімге тиесілігі, берілуі, ауыртпалығы, мұрагерлігі, қорғалуы және өндіріп алынуына (оның ішінде меншік құқығының объектілері ретінде) қатысты жалпы ережелер айқындалуы тиіс.

Деректерді құқықтық реттеу, олардың құқықтық табиғатына қарай сараланып жүзеге асырылуы тиіс. Дербес және биометриялық деректер, ең алдымен, жеке тұлғаның құқықтарын қорғау объектісі болып табылады. Иесіздендірілген, жинақталған (агрегатталған), техникалық, өнеркәсіптік және өзге де деректер жеке тұлғаның құқықтары, коммерциялық құпия, жария мүдде және қауіпсіздік талаптары сақталған жағдайда азаматтық айналымға қатыса алады.

Иесіздендірілген, агрегатталған, техникалық, өнеркәсіптік және өзге де деректер жеке адамның құқықтары, коммерциялық құпиясы, қоғамдық мүддесі және қауіпсіздік талаптары сақталған кезде азаматтық айналымға қатыса алады және дербес және биометриялық деректер, ең алдымен, жеке тұлғаны қорғау объектісі болып табылады.

Жасанды интеллект жүйелерін және (немесе) «цифрлық егіздерді» пайдалану арқылы жасалған нәтижелердің, азаматтық-құқықтық режимін айқындау қажет. Атап айтқанда, мұндай нәтижелерге құқықтардың кімге тиесілі екені, оларды пайдалану және лицензиялау тәртібі, тәуекелдердің бөлінуі, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылған жағдайда туындайтын жауапкершілікті анықталу қажет. Азаматтық кодекстің нормалары Цифрлық кодекспен, цифрлық активтер туралы және жасанды интеллект туралы заңнамамен өзара үйлесімді болуы қажет. Бұл ретте Азаматтық кодекс цифрлық қатынастарды құқықтық реттеудің жалпы жеке-құқықтық қағидаттары мен институттарын бекітуге тиіс, ал цифрлық органы реттейтін арнайы заңнамалық актілер техникалық және салалық ерекшеліктерге қатысты жалпы құқықтық санаттары айқындауы қажет.

7. Жеке құқықтар (*personal rights*)

Азаматтық кодекстің жаңа редакциясында жеке құқықтарға арналған дербес бөлім (немесе жеке кітапты) арнау қажет. Осы бөлімде: өмір сүруге және денсаулыққа, қадір-қасиетке, ар-намысқа, абыройға, іскерлік беделге, жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, есімге, бейнеге, дауысқа, дербес және биометриялық деректерге, цифрлық сәйкестілікке, ұмытылу құқығына, сондай-ақ өзге де материалдық емес игіліктерге қатысты құқықтар реттелуі тиіс.

Азаматтық кодекс жеке деректерді заңсыз таратуды, цифрлық профильдеуді, сурет пен дауысты заңсыз пайдалануды, терең фейктерді құруды және таратуды, цифрлық сәйкестікті заңсыз пайдалануды және ұмыту құқығын бұзуды қоса алғанда, цифрлық ортада жеке тұлғаны қорғау ерекшеліктерін қарастыруы керек.

Өтемақы шарттарын, оның мөлшерінің өлшемдерін, цифрлық құқық бұзушылықтар, құқықтарды жаппай бұзу, тұтынушылардың, инвесторлардың және корпоративтік қатынастарға қатысушылардың құқықтарын бұзу кезіндегі өтемақы өндіру ерекшеліктерін анықтап, моральдық зиянды өтеу институтын қайта қарау қажет.

Мүліктік емес жеке құқықтарды қорғаудың арнайы тәсілдерін бекіту қажет. Ол тәсілдерге: заңсыз мазмұнды жою немесе бұғаттау, мәліметтерді одан әрі таратуға тыйым салу, теріске шығару, есімді, суретті немесе дауысты цифрлық пайдалануды тоқтату, цифрлық сәйкестікті бақылауды қалпына келтіру жатады.

8. Заттық құқық (мүлікке құқық) (*property law*), меншік құқығы, иелену және шектеулі заттық құқықтар

Азаматтық кодекстің жаңа редакциясында «Заттық құқық (Мүлікке құқық)» атты дербес бөлімді (кітапты) сақтау қажет. Ол жалпы ережелерді, меншік құқығын, иеленуді, шектеулі заттық (мүліктік) құқықтарды, көршілік құқықты және заттық-құқықтарды қорғаудың тәсілдерін қамтуға тиіс.

Меншік құқығы тұлғаның мүлікке қатысты заңды және үшінші тұлғалардың құқықтарында және жария мүддеде белгіленген шектерде мүлікті пайдалану, иелену және заңды тағдырын шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, мүлікке үстемдік етудің неғұрлым толық заңи құқығы ретінде айқындалуға тиіс.

Сонымен қатар, иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі дәстүрлі кеңестік үштікті қайта қарау қажет. Бұл ретте, иеленуді меншік иесінің өкілеттігі ретінде емес, азаматтық-құқықтық қорғауға жататын, заңды маңызы бар дербес нақты жай-күй ретінде танылуы тиіс.

Сонымен бірге, Азаматтық кодекстің нормаларында меншік құқығы ұғымына қатысты функционалдық тәсілді бекіткен орынды. Мұндай құқықтың объектісі ретінде субъектіге тиесілі кез келген мүлік (ол жылжымалы немесе жылжымайтын заттар, не материалдық емес объектілер болсын) меншік деп танылып, құқықтық қорғалуға тиіс.

Меншік құқығының бар-жоғына қарамастан, иеленуді дербес қорғау институты ретінде заңнамалық деңгейде бекіту қажет. Бұл ретте, меншік құқығы немесе өзге де заттық құқық туралы дауды сот тәртібімен қаралу мүмкіндігі сақталуы тиіс. Шектеулі заттық құқықтар жүйесі *numerus clausus* (шектеулі тізбе) қағидатына негізделуге тиіс. Азаматтық кодексте жылжымайтын мүлік айналымы, инфрақұрылым, жер қатынастары және инвестициялық жобалар үшін қажетті сервитуттар, құрылыс салу құқығы, заттай ауыртпалықтар, бөтен мүлікті пайдалану құқықтары, ипотека және басқа да шектеулі заттық құқықтар реттелуі керек.

Заңды тұлғалардың, мемлекеттік ұйымдардың және өзге де субъектілердің мүлкін қазіргі заманғы құқықтық режимдермен алмастыра отырып, шаруашылық жүргізу құқығының және жедел басқару құқығының конструкцияларын жою қажет.

9. Көршілік құқық (*neighbor law*)

Азаматтық кодексте көршілік құқықты, заттық құқықтың (жылжымайтын мүлікке қатысты құқықтардың) дербес институты ретінде бекіту қажет. Бұл институт көршілерді-меншік иелерін, көрші жер учаскелерін және басқа да жылжымайтын мүлікті пайдаланушылардың құқықтарын өзара құрметтеудің заңнамалық негіздерін бекіту үшін қажет.

Газдың, будың, иістің, күйенің, түтіннің, шудың, жылудың, дірілдің және өзге де осыған ұқсас факторлардың әсерін қоса алғанда, көршінің жол берілетін және жол берілмейтін әсер етуін ажыратқан жөн. Кәдімгі әрі елеусіз көршілік әсерге төзу міндетін, елеулі, бірақ төзуге мәжбүр болатын көршілік әсер үшін өтемақы төлеуді, сондай-ақ жол берілмейтін көршілік әсерге тыйым салуды немесе оны тоқтатуды көздеу қажет.

Ағаштардың тамырлары мен бұтақтарына, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін көршілес жер учаскесіне уақытша кіруге, судың ағуына, шекараларға, шекаралық құрылыстарға, ортақ объектілерге және көршілік қатынастарға тән өзге де жағдайларға қатысты қағидаларды реттеу қажет.

Көршілік құқығы меншік құқығын шектеу ретінде емес, оны адал жүзеге асырудың өркениетті нысаны ретінде қарастырылуға тиіс.

10. Мәмілелер, өкілдік және ерік білдіру нысаны (*transactions and legal representation, expression of will*)

Мәмілелер туралы жалпы ережелер мәміле нысанының еркіндігі және ерік білдіру тәсілдерін функционалдық тұрғыдан түсіну қағидаттары негізінде жаңартылуға тиіс. Жазбаша, нотариаттық немесе өзге де біліктілігі жоғары нысан тараптардың, үшінші тұлғалардың немесе жария мүдденің елеулі мүдделерін қорғау үшін қажет болған жағдайларда ғана талап етілуге тиіс.

Ерік білдіруді сенімді түрде айқындауға мүмкіндік беретін электрондық хабарламалар, электрондық жазбалар, цифрлық сәйкестендіру, цифрлық платформалар интерфейстер, бір реттік кодтар, биометриялық растау және ерік білдірудің өзге де тәсілдерінің заңды маңызы анықталуы тиіс. Электрондық цифрлық қолтаңба цифрлық ортада тұлғаның ерік білдіруін растаудың жалғыз ғана тәсілі ретінде қарастырылмауы тиіс.

Электрондық хабарламалардың, цифрлық акцепттің, мәмілелерді автоматтандырылған түрде жасасудың, смарт-келісімшарттардың, цифрлық платформа арқылы жасалған әрекеттердің заңдық маңызын анықтап, қателіктер, цифрлық инфрақұрылымның істен шығуы немесе цифрлық сәйкестендіру құралдарының рұқсатсыз пайдаланылуы жағдайында тәуекелдерді бөлудің ерекшеліктерін құқықтық реттеу қажет. Мәмілелер туралы жаңа нормалар цифрлық платформалар арқылы туындайтын және айналымға түсетін мүліктік құқықтарды тиімді жүзеге асыру мен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Өкілдік институты цифрлық азаматтық айналым талаптарына бейімделуі тиіс. Осыған байланысты электрондық сенімхаттарды, өкілеттіктерді цифрлық тәсілмен растауды, алдын ала айқындалған алгоритм шегінде автоматтандырылған өкілдікті, сондай-ақ өкілеттік шегінен шыққан жағдайда туындайтын жауапкершілікті құқықтық реттеу қажет.

11. Міндеттемелік құқық (*law of obligations*) және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету (*security interest*)

Міндеттемелер туралы жалпы ережелер азаматтық айналымды цифрландыру, халықаралық стандарттар және сот практикасы ескеріле отырып жаңғыртылуға тиіс. Міндеттемелерді цифрлық ортада орындау, міндеттемелерді автоматтандырылған орындау, электрондық хабарламалар, цифрлық акцепт, цифрлық платформалар арқылы орындау, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылымның істен шығуы жағдайында тәуекелдерді бөлуге қатысты мәселелерді құқықтық реттеу қажет,

Деректерді және өзге де цифрлық объектілерді беру, сақтау, пайдалану, иесіздендіру, жою және біржола жою жөніндегі міндеттемелерді құқықтық реттеу қажет. Сондай-ақ міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы, борышты аудару, құқықтық мирасқорлық,

міндеттемелердің мұрагерлікпен ауысуы, регрестік талап қою және суброгация институттарына қатысты мәселелерді құқықтық реттеуді жаңғырту қажет.

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету институты, оның ішінде (басқалармен қатар) азаматтық айналымға қатысушылардың өзара қатынастарының құқықтық табиғаты мен субъектінің құқық объектісіне қатысты қатынастарының құқықтық табиғатындағы айырмашылықтар ескеріле отырып, жүйелі түрде жаңартылуға тиіс.

Атап айтқанда, кепілдік (кепілгерлік) пен тәуелсіз кепілдіктің құқықтық табиғатын ажыратып, оларды құқықтық реттеудің тиісті нормаларын қалыптастыру қажет. Сондай-ақ борышкердің қайтыс болуы, заңды тұлғаның қайта құрылуы, төлем қабілетсіздігі, негізгі міндеттеменің өзгеруі және борышкердің ауысуына байланысты кепілгердің, тәуелсіз кепілдік берушінің және кепіл ұстаушының жауапкершілігіне әсер ететін құқықтық салдарларды нақты айқындау қажет. Кредитордың, борышкердің және міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін тұлғаның мүдделері арасындағы теңгерімді сақтау қажет. Бұл ретте кепілдік беруші мен кепілгердің келісімінсіз олардың құқықтық жағдайын нашарлатуға жол берілмеуге тиіс.

12. Шарттық құқық (*contract law*)

Шарттық құқық жеке автономия, адалдық, парасаттылық және әділеттілік қағидаттарын дәйекті және жеке құқықты реттеудің халықаралық стандарттарын пайдалана отырып жаңартылуға тиіс. Шарт жасалғанға дейінгі қатынастар, келіссөздер, келіссөздерді адал жүргізу міндеті, *culpa in contrahendo* қағидатына сәйкес жауапкершілік, шартты түсіндіру, шартты өзгерту және бұзу, шарттың елеулі түрде бұзылуы, *hardship* және өзге де заманауи құқықтық институттар туралы жалпы ережелерді дамыту қажет.

Оның ішінде, шарттарды бұзу және шарттан бас тарту мәселелерін реттеуде жеке автономия және шарт еркіндігі қағидаттарын дәйекті сақтауды, сондай-ақ жекелеген шарттардың болуы және/немесе бұзылуы қозғайтын жария мүдделерді ескеру қажеттілігін ескере отырып, АҚ-нің тиісті ережелерін жаңғырту керек.

Шарттардың құқықтық табиғатына қарай олардың жіктелуін жаңарту қажет. Бұл ретте міндеттемелік-құқықтық, заттық-құқықтық және корпоративтік шарттарды жеке ажырату қажет.

Шарттардың ерекше түрлерін, ең алдымен цифрлық шарттарды құқықтық реттеуге ерекше назар аудару қажет. Негіздемелік, опциондық, абоненттік, платформалық шарттарды, деректерге қатысты шарттарды, цифрлық объектілерге қатысты шарттарды, цифрлық қолжетімділікті ұсыну туралы шарттарды және өзге де заманауи шарттық конструкцияларды құқықтық реттеу қажет.

Шарттық құқықта тұтынушылардың және өзге де әлсіз тараптардың қатысуымен туындайтын шарттық қатынастардың ерекшеліктері арнайы көрсетілуге тиіс.

Жеке автономия мен шарт еркіндігін тану тараптардың құрылымдық теңсіздігі, алдын ала тұжырымдалған талаптарға қосылу, стандартты нысандарды, цифрлық интерфейстерді, платформалық тетіктерді және шешімдерді автоматтандырылған түрде қабылдау пайдаланылатын жағдайларда әлсіз тараптың мүдделерін қорғаудың императивтік кепілдіктерін белгілеуді жокқа шығармауға тиіс.

Бұл ретте тұтынушылардың құқықтарын қорғау, қаржылық қызметтер, цифрлық платформалар туралы арнайы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, Азаматтық кодекстің жеке құқықты реттеудің негізгі, жүйе құраушы ролін түсірмей, оның жалпы ережелерін дамытып, толықтыруы керек.

Шарттық конструкциялар жалпы құқық жүйесінен механикалық түрде қабылданбауға тиіс. Оларды Азаматтық кодекске енгізуге континенттік жеке құқық жүйесіне және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің құрылымына цивилистік құқық ғылымының қағидаттарына сәйкес бейімделгеннен кейін ғана жол беріледі.

13. Корпоративтік құқық (*company / corporate law*)

Корпоративтік қатынастар Азаматтық кодекстің 1-бабында азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастардың құрамына тікелей енгізілуге тиіс. Азаматтық кодексте корпорациялар, корпоративтік құқықтар мен міндеттер, корпорацияға қатысу және оны басқару туралы жалпы ережелер, сондай-ақ корпоративтік шарттар, жалпы жиналыстың және алқалы басқару органдарының шешімдері азаматтық-құқықтық заңды фактілер ретінде бекітілуге тиіс.

Корпорацияларды қазіргі заманғы корпоративтік құқықта қалыптасқан жіктеу қағидаттарына сәйкес қайта жіктеу қажет. Бұл ретте азаматтық құқық және жалпы құқық жүйелеріндегі құқықтық реттеу тәжірибесін ескерген жөн. Сонымен қатар дербес құқықтық модельдерді негізсіз қалыптастырудан бас тартып, «Астана» халықаралық қаржы орталығының құқықтық жүйесінде корпоративтік қатынастарды реттеудің ерекшеліктерін де назарға алу қажет. Аталған құқықтық жүйе көп жағдайда компаниялар мен серіктестіктер туралы ағылшын құқығының үлгілеріне негізделген.

Корпорациялардың лауазымды тұлғаларының фидуциарлық міндеттерін, заңды тұлғаның мүддесі үшін адал әрі парасатты әрекет ету міндетін, бақылаушы тұлғалардың жауапкершілігін, мүдделер қақтығысын, ірі мәмілелерді және мүдделілік бар мәмілелерді құқықтық реттеуді жетілдіру қажет.

Компаниялардың ұйымдық құрылымын айқындау кезінде Еуропалық Одақтың және оған мүше мемлекеттердің құқықтық жүйелерінде қалыптасқан аралас құқықтық реттеу моделін пайдалану орынды.

Туынды талап қою институтын, миноритарлық қатысушылардың құқықтарын қорғауды, ақпаратты ашу институтын, корпоративтік шарттарды, сондай-ақ корпоративтік топтар мен холдингтердің материалдық-құқықтық негіздерін бекіту қажет. Акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және өзге де коммерциялық ұйымдардың жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандарын егжей-тегжейлі құқықтық реттеу арнайы заңдарда сақталуы мүмкін. Алайда олардың жалпы жеке-құқықтық негіздері Азаматтық кодекспен үйлестіріліп, оның қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс.

Корпоративтік даулар азаматтық-құқықтық даулар ретінде қаралып, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен немесе дауларды баламалы шешу тәсілдері арқылы шешілуге тиіс.

14. Зияткерлік (интеллектуалдық) меншік (*intellectual property law*)

Азаматтық кодексте зияткерлік (интеллектуалдық) меншіктің азаматтық-құқықтық негіздері, оның ішінде айрықша құқық ұғымы, айрықша құқыққа билік ету туралы жалпы ережелер, лицензиялық шарттар, авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қорғау мәселелері бекітілуі тиіс. Бұл ретте Азаматтық кодекс зияткерлік (интеллектуалдық) меншікке қатысты барлық арнайы әкімшілік, тіркеу және рәсімдік мәселелерді толық реттейтін жинақталған акт болмауға тиіс. Аталған мәселелерді реттейтін арнайы нормалар, тиісті арнайы заңдарда қарастырылғаны дұрыс.

Жасанды интеллектіні пайдалану арқылы жасалған нәтижелердің құқықтық режимін айқындау қажет. Бұл ретте мұндай нәтижелердің авторлық құқықтың, сабақтас құқықтардың, патенттік құқықтың объектілері, ноу-хау немесе өзге де зияткерлік қызмет нәтижелері ретінде құқықтық қорғалуының негіздері мен шарттары белгіленуге тиіс.

Егер мұндай нәтиже басқа тұлғалардың зияткерлік меншік объектілерін немесе деректерін пайдалану арқылы жасалған болса, жасанды интеллект жүйесін пайдаланушының, әзірлеушінің, операторының, бастапқы деректерге құқық иесінің және өзге де тұлғалардың құқықтары мен жауапкершілігінің ара-жігін айқындауды құқықтық реттеу қажет.

15. Мұрагерлік құқық (*succession law*)

Мұрагерлік құқық жаңа мұрагерлік объектілердің пайда болуын және мұра құрамының күрделенуін ескере отырып жаңғыртылуға тиіс. Азаматтық кодексте цифрлық мұраның құқықтық режимін бекіту қажет. Цифрлық мұра құрамына цифрлық активтер, цифрлық әмияндар, аккаунттар, домендік атаулар, цифрлық объектілерге құқықтар,

электрондық жазбалар, талап ету құқықтары, құжатсыз бағалы қағаздар және өзге де материалдық емес активтер енгізілуге тиіс.

Мұра қалдырушының цифрлық ақпаратына мұрагерлердің, нотариустың және өсиетті орындаушының қол жеткізу тәртібін, сондай-ақ жеке өмірге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету және үшінші тұлғалардың дербес деректерін қорғау шарттарын айқындау қажет.

Мұраны қорғау және оны басқару туралы ережелерді нақтылау қажет. Бұл ретте мұра құрамына кіретін ақша қаражатын, бағалы қағаздарды, корпоративтік құқықтарды, цифрлық активтерді және өзге де цифрлық объектілерді басқарудың құқықтық тәртібі айқындалуға тиіс.

Егер мұндай құқықтық құрылым мұра құрамының құқықтық табиғатына сәйкес келмесе, мұраны басқару негізсіз түрде сенімгерлікпен басқаруға теңестірілмеуі тиіс. Жекелеген жағдайларда мұра құрамындағы ақшалай қаражатты рұқсат етілген тәртіппен жұмсау және оған ақшалай түсімдерді қабылдау режимін қолдану қажет.

Сондай-ақ «цифрлық егіз» деп аталатын объектілер пайдаланылатын немесе оның бар екендігі кейіннен анықталған жағдайларда мұрагерлік мәселелерін құқықтық реттеу маңызды болып табылады.

16. Халықаралық жеке құқық (*private international law*)

Азаматтық кодекстегі халықаралық жеке құқыққа арналған бөлімді материалдық емес және цифрлық активтердің қазіргі мен болашақтағы трансшекаралық айналымының даму үрдістерін ескере отырып кешенді түрде жаңғырту қажет. Корпоративтік қатынастарға, бағалы қағаздармен, қаржы құралдарымен, қатысу үлестерімен, цифрлық активтермен, деректермен, интеллектуалдық меншік объектілерімен жасалатын мәмілелерге, сондай-ақ платформалық мәмілелерге қатысты коллизиялық байламдарды нақтылау қажет.

Халықаралық жеке құқықта *lex incorporationis*, *lex societatis*, *lex situs*, *lex registrationis*, *lex creationis* қағидаттарына, сондай-ақ қаржылық делдалдың құқығын қолдануға ерекше мән берілуге тиіс, сонымен қатар, тараптардың ерік автономиясының шектері халықаралық жеке құқықтың қазіргі даму үрдістеріне сәйкес неғұрлым дәл айқындалуға тиіс. Құқықтары жария (бірақ мемлекеттік емес) немесе кәсіби тізілімдерде тіркелетін материалдық емес мүлікке (мысалы, құжатсыз бағалы қағаздарға және өзге де құқықтарға) қатысты арнайы ережелерді белгілеу қажет. Бұл ретте қолданылатын құқық тиісті есепке алу жүргізілетін жердің құқығына, не құқық құрылған және куәландырылған құқықтық тәртіптің құқығына қарай айқындалуға тиіс.

Блокчейн үлгісіндегі орталықтандырылмаған жүйелерде айналыста болатын криптоактивтер мен өзге де цифрлық активтерге қатысты шешілмеген коллизиялық мәселелердің бар екендігін тану және Қазақстан Республикасы құқығының императивтік нормалары мен жария мүддені бұзбайтын, халықаралық тәсілдердің дамуына мүмкіндік беретін икемді коллизиялық нормаларды көздеу қажет.

Жалпы құқық жүйесінің институттарын қабылдау және қатынастарды шарт негізінде шетел құқығына бағындыру Қазақстан Республикасының азаматтық, корпоративтік, қаржылық және коллизиялық құқықтарының императивтік нормаларын айналып өту мақсатында пайдаланылмауға тиіс.

17. Азаматтық құқықтарды қорғау, талап қою мерзімі және ұжымдық қорғау (*protection of rights and public interest, statute of limitation*)

Азаматтық кодексте азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің қазіргі заманғы, ашық әрі жүйелі моделі бекітілуге тиіс. Дәстүрлі қорғау тәсілдерімен қатар иеленуді қорғау, цифрлық құқықтарды қорғау, құқыққа қайшы цифрлық контентті жою немесе оған қол жеткізуді бұғаттау, цифрлық объектіге не цифрлық сәйкестікке бақылауды қалпына келтіру, құқық бұзушының құқық бұзушылық нәтижесінде алған кірісін өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу, сондай-ақ бұзылған құқықтың табиғатына сәйкес келетін өзге де қорғау тәсілдері көзделуге тиіс.

Азаматтық кодексте ұжымдық, топтық және туынды талап қоюлардың материалдық-құқықтық негіздері бекітілуге, ал оларды қараудың процестік тәртібі азаматтық процестік заңнамада айқындалуға тиіс.

Талап қою мерзімі институты оның азаматтық-құқықтық табиғатын сақтай отырып жаңғыртылуға тиіс: талап қою мерзімінің өтуі сотқа жүгінуге кедергі келтірмейді, бірақ жауапкердің бұл туралы мәлімдеуі болған жағдайда талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз бола алады. Талап қою мерзіміне қатысты құқықтарды теріс пайдалануға және «юрисдикциялық саудаға», оның ішінде қарыздың танылғанын растамайтын формальды медиацияны, сотқа дейінгі реттеудің өзге де рәсімдерін немесе талап қою мерзіміне ықпал ету мақсатында қолданылатын өзге де формальды әрекеттерді пайдалануға жол бермеу қажет.

Жария мүлікті, жария мүдде объектілерін, мәдени мұраны, жекелеген табиғи ресурстарды және жалпыға ортақ маңызы бар өзге де объектілерді қорғауға байланысты талаптар үшін арнайы талап қою мерзімдерін белгілеу немесе мұндай талаптарға талап қою мерзімін қолданбауды көздеу қажет.

18. Жаңа Азаматтық кодекс жобасын дайындаудың әдіснамасы

Жаңа Азаматтық кодекстің мәтінін әзірлеуге кіріспес бұрын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін қайта кодификациялаудың (рекодификациялаудың) дербес әрі толыққанды тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Мұндай тұжырымдамада қолданыстағы Азаматтық кодекстің жай-күйіне кешенді баға берілуге, сақталуға тиіс құқықтық институттардың, жүйелі түрде жаңғыртылуға жататын институттардың тізбесі, болашақ Азаматтық кодекстің құрылымы, шетелдік құқықтық конструкцияларды қабылдау әдіснамасы, сондай-ақ цифрлық, кәсіпкерлік, қаржылық, корпоративтік, процестік және өзге де заңнамамен үйлестіру қағидаттары айқындалуға тиіс.

Азаматтық заңнама мәселелері жөніндегі тұрақты ғылыми-сарапшылық кеңес құру қажет. Кеңес құрамына жетекші цивилист-ғалымдармен қатар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, өзге де мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлік қоғамдастықтың және заң практикасы өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Жаңа Азаматтық кодекстің жобасын әзірлеу жұмысы кезең-кезеңімен жүргізілуіне тиіс. Ол ғылыми тұжырымдаманы әзірлеуді, қолданыстағы Азаматтық кодекске жүйелі ревизия жүргізуді, жаңа Азаматтық кодекстің құрылымын әзірлеуді, оның кітаптары мен бөлімдерін дайындауды, сараптамалық талқылаулар өткізуді, арнайы заңнамамен үйлестіруді, өтпелі ережелерді әзірлеуді, сондай-ақ оларды сот және әкімшілік практикасына енгізуді қамтуға тиіс.

Азаматтық кодекстің жаңа редакциясын әзірлеу кезеңінде Кодекске енгізілетін кез келген өзгерістер болашақтағы қайта кодификациялау тұжырымдамасымен үйлесімділігі тұрғысынан міндетті цивилистік сараптамадан өткізілуіне тиіс.

Ұсынылып отырған бағыттар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін болашақта қайта кодификациялаудың (рекодификациялаудың) барлық мазмұнын толық қамтымайды, алайда оның жүйелі негізін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы бағыттарды іске асыру қолданыстағы Азаматтық кодекстің азаматтық-құқықтық реттеудің іргелі мәселелеріндегі сабақтастығын сақтауға, азаматтық заңнаманы өтпелі кезеңге тән құқықтық конструкциялардан арылтуға, жеке автономия қағидатын дәйекті түрде іске асыруға, азаматтық айналымға қатысушылардың адал мінез-құлқын ынталандыруға, құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, меншік құқығы мен жеке тұлғаны (соның ішінде адам құқықтарын) қорғауға негізделген қазақстандық жеке құқықтың одан әрі дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының цифрлық экономикасы мен инвестициялық дамуы үшін қазіргі заманғы жеке-құқықтық негізді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

14 шілде 2026 жыл